Tұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық!

Ońtústik QAZAQSTAN

TÚRKİSTAN облыстық қоғамдық-саяси газет

WWW.OKG.KZ • okgazeti@gmail.com

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

№53 (21265) Senbi, 16 sáýir, 2022 jyl.

Ақорда

## Қазақстан АӨСШК-нің VI саммитіне төрағалық етеді



**«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АӨСШК Хатшылығының атқарушы директоры Қайрат Сарыбайды қабылдады» деп хабарлайды Ақорда.**

Мемлекет басшысына Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес Хатшылығының қазіргі жұмысы туралы мәлімет берілді. Биылғы 12-13 қазанда Қазақстан астанасында өтетін АӨСШК-нің VI саммитіне дайындық барысына баса мән берілді.

Кездесуде АӨСШК-ні Азиядағы ынтымақтастық жөніндегі толыққанды халықаралық ұйымға айналдырудың перспективалары талқыланды. Осы маңызды міндетті жүзеге асыру – Қазақстан төрағалығының басымдығы.

Қайрат Сарыбай Қасым-Жомарт Тоқаевқа саммит қарсаңында Кеңеске мүше мемлекеттердің сыртқы істер ведомстволарының басшыларымен өткізген кездесулері туралы баяндады.

Сонымен қатар дипломат ұйымның жұмысындағы экономикалық өлшемді жандандыру мәселесіне тоқталып, Жастар кеңесінің отырысын, сондай-ақ маусым айына жоспарланған «Astana Financial Days» халықаралық конференциясы аясында АӨСШК Іскерлік кеңесі мен бизнес форумын өткізуге қолдау көрсеткені үшін Президентке алғыс білдірді.

Мемлекет басшысы Қазақстанның аталған Кеңеске төрағалығының басымдықтарын тиімді жүзеге асырудың маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, алдағы саммит нәтижесі бойынша қабылданатын қорытынды құжат жобасын мұқият әзірлеу қажеттігін айтты.

## Елден заңсыз шығарылған капитал 100 млрд. доллардан асады

**«ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров Қазақстан аумағынан заңсыз шығарылған капитал 100 млрд. доллардан асуы мүмкін екенін айтты» деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.**

«Шетелге заңсыз шығарылған капиталдың сомасы туралы айтсақ, ол қандай уақыт кезеңі қаралып отырғанына байланысты. Бірақ, бұл жерде бірнеше ондаған миллиард доллар жайында сөз болып отыр. Оның бәрі қалай қайтарылатынына келсек, мұнда түрлі механизмдер бар. Жаңа тәсілдерді қарасақ, салықтық және салықтық емес ынталандыру шаралары қаралған. Салықтық ынталандыру бойынша белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Бұл бағыт бойынша екі жақтан істі бастадық. Бірінші бағыт капиталды сыртқа заңсыз шығарудың жолын кесу болып саналады. Мысалы, салықтық шараның бірі инвестор төлемеген дивидендтің жеңілдіктерін алып тастай аламыз» деді министр орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Оның айтуынша, бұл бағытта капиталды қайтаруға ынталандыру шаралары да пысықталып жатыр.

«Тікелей шетелдік инвестиция тартуды айтсақ, 30 жылда 400 млрд. доллардан астам қаражат тартылған. Бұл жерде де осындай тәсілмен қарау керек. 1 млрд. доллар ғана емес екені түсінікті. Нақты сомасын айту өте күрделі. Бірақ, шамамен 100 млрд. доллардан сәл көп болатын шығар» деді Әлібек Қуантыров.

Еске сала кетейік, бұдан бұрын ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов капиталды шетелден елге қайтаруды ынталандыру және елімізден қаражаттың жылыстауына қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған шараларды күшейту шаралары бойынша кеңес өткізген болатын.

Ақтөбе облысының мәдениет күндері – Түркістанда

# Алтын аймақ Ақтөбе

## Ер Түріктің бесігінде тербелді

**14-15 сәуір күндері Түркістан қаласында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бес жылдығына орай Ақтөбе облысының мәдениет күндері өтті. Алдымен баспасөз мәслихаты ұйымдастырылып, Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Бұлбұл Елеусінова мәдени күндердің маңыздылығына тоқталды.**

– Шежірелі Түркістан шаһарының тарихына қарасақ, XVII ғасырда бүкіл қазақ халқының байтақ астанасы болғаны мәлім. Қасиетті Рамазан айында қазақтың ежелгі астанасы Түркістан жеріне табанымыздың тигеніне көңілімізді қуаныш кернейді. Мағжан ақын жырлаған «Ер Түріктің бесігі Түркістанға – алтын бесік Ақтөбеден» келіп жеткен керуеннің мақсаты үлкен. Екі өңірдің арасында бұрыннан бар рухани-мәдени алтын көпірді нығайту, аймақаралық қарым-қатынасты ұдайы дамытып отыру, – деді ол.

Түркістанға құрмет көрсеткен ақтөбелік ағайындарға облыс басшылығы өз ризашылығын білдірді.

Мәдениет күндері аясында Түркістан тұрғындары мен қонақтары Ақтөбе өңірінің ерекшеліктерімен танысып, ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алып, бірқатар мәдени және ойын-сауық іс-шараларын тамашалады.

14 сәуірде этноауыл аумағында қолданбалы өнер шеберлерінің көрме-жәрмеңкесі, шеберлік сабақтары, облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қорының этнографиялық коллекциясының көрмесі, театрландырылған көрініс, дәстүрлі орындаушылардың концерттік бағдарламалары өтті.

Ал, кешке «Керуен сарай» туристік кешенінде ақтөбелік әншілердің «Алтын аймақ — Ақтөбе» концерттік бағдарламасы ұсынылды. Түркістан музыкалық драма театрында Ғ.Жұбанова атындағы филармония ұжымы әзірлеген И.Сапарбайдың «Сыған серенадасы» музыкалық спектаклі, қазақ тарихындағы ең жарқын кезең – Алтын Орданың 750 жылдығы аясында сахналанған ер рухты батырдың ерлігін дәріптейтін тұңғыш қойылым – «Ер Едіге» этнофольклорлық тарихи драмасы сахналанды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі 15 сәуір күні экобазарда өтті. Ақтөбелік өнім өндірушілер мен қайта өңдеу кәсіпорындары түркістандықтарға ет-сүт өнімдерін, көкөністер, кондитерлік өнімдерін ұсынды.

Сондай-ақ, бұл күні Farab кітапханасында әр түрлі көрмелер өтіп, ақтөбелік ақындар мен жазушылар оқырмандармен кездесті. «Алақай» қуыршақ театры «Жадыра, жайна, достар» қойылымын көрсетті.

Ал, «Конгресс-холл» кешенінде Ақтөбе облысының өнер майталмандары мен шығармашылық ұжымдарының «Сәлем, Түркістан!» атты гала-концерті өтті.

Білім

**«Білім және ғылым бірінші вице-министрі Шолпан Қаринова соңғы қоңырау мен аттестат табыстау шаралары қалай өтетінін түсіндірді» деп хабарлайды ҚазАқпарат.**

## Соңғы қоңырау мен аттестат табыстау мектептерде өтеді

«Оқу жылының аяқталуы бойынша дәстүрлі түрде екі шара өткізіледі, олар – 25 мамырдағы соңғы қоңырау және 11-сыныптың қорытынды аттестаттауынан кейін жалпы орта білім туралы аттестатты салтанатты тапсыру. Олар барлық өткен жылдар секілді қажетті мерзімде өтеді. Биыл соңғы қоңырау 25 мамырда болады. Әр мектеп бұл шараны өз қалауынша ұйымдастырады. Салтанатты аттестат тапсыру да – балалардың өміріндегі алғашқы маңызды құжат алуы, сондықтан бұл шара да өткізіледі және оған білім беру ұйымы жауапты болады» деді Ш.Қаринова Сенаттың жалпы отырысынан кейін тілшілерге берген сұхбатында.

Оның айтуынша, Білім министрлігі мектеп бітіру кешін өткізу туралы ұсынымдар әзірлеп жатыр.

«Министрлік осындай ұсынымдар әзірлеп жатыр. Оқу жылының аяқталуына әлі бір жарым ай бар. Біз бұл ұсынымдарды дайындаймыз, әріптестеріміз бен БАҚ хабардар болатындай етіп жариялаймыз. Бұл жаңадан пайда болған шара емес, жыл сайын өтіп келе жатыр. Өткен жылдары карантиндік шектеу қағидалары болды. Ал, биыл аттестатты салтанатты тапсыру мектеп қабырғасында міндетті түрде өтеді. Басқа да ұсынымдарды тіземіз және жариялаймыз» деді Шолпан Қаринова.

## Облыс тұрғындарының назарына!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлығын іске асыру аясында Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Естайұлы Шөкеевтің Созақ ауданының тұрғындарымен кездесуі **2022 жылғы 27 сәуірде** сағат **11.00-де** Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, «Ту тұғыры» алаңында өтеді, сонымен қатар, облыс әкімінің жеке қабылдауы **2022 жылғы 27 сәуірде** сағат **12.00-де** Шолаққорған ауылы, С.Қожанов атындағы аудандық тарихи – өлкетану музейінде өтеді.

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Естайұлы Шөкеевтің Бәйдібек ауданының тұрғындарымен кездесуі **2022 жылғы 27 сәуірде сағат 16.00-де** аудандық Мәдениет үйінің жанындағы Тәуелсіздік алаңында өтеді, сондай-ақ, облыс әкімінің жеке қабылдауы **2022 жылғы 27 сәуірде сағат 17.00-де** аудандық Мәдениет үйінде өтеді.

Қабылдауға алдын-ала жазылу **8(72533) 5-98-99** байланыс телефоны және **t.akimat@ontustik.gov.kz** электронды почта арқылы 2022 жылғы **26 сәуірге** дейін сағат **9-00** ден **19-00** аралығында ***(түскі үзіліс сағат 13.00-15.00-ге дейін)*** жүргізіледі!

Тиісті мекемелердің қатысуын қамтамасыз ету және кері байланыс орнату мақсатында өтініш берушінің аты-тегі, сұрақтың мәні, мекенжайы, байланыс телефоны және электронды почта ***(бар болған жағдайда)*** нақты көрсетілуі қажет.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлайды:

# Түркістанда су спорты қанат жаяды

**Түркістан облысында су спорты түрлерімен айналысатын және жағажай туризміне қызығатын азаматтар үшін қуанышты сәт жақындап келеді. Мамыр айында Түркістанда салынып жатқан ескек есу каналы мен «Түркістан» туристік-рекреациялық орталығына су жіберіліп, тексеруден өткізілмек. Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев аталған құрылыс нысандарына барып, жұмыс барысымен танысты.**

– Түркістанға ағын су жеткізу жолдары табылып, маңызды жобалар жүзеге асып жатыр. Ескек есу каналы су спортын дамытуға тың серпін береді. Өңірде ескек есу спортынан мықты команда бар. Қазақ жастары Түркістанда шеберліктерін шыңдап, халықаралық додаларға қатысатын болады. Бұл жобаға республикалық деңгейде көңіл бөлініп отыр. Сондықтан нысан сапалы әрі заман талабына сай болуы тиіс, – деді Өмірзақ Шөкеев.

100 гектардай аумақты алып жатқан базада ескек есу, академиялық есу және өзге де спорт түрлері қанат жаяды. Сонымен бірге бұл нысан туристерді тартатын орталыққа да айналмақ. Кәсіби спортпен қатар каналда қайықпен серуендеп, демалыс өткізуге болады. «Кеңсай-Қосқорған» су қоймасынан су келіп, жоба жүзеге асады. Ал, ескек есу базасындағы су Түркістан қаласының климатын өзгерту, қаланы көгалдандыруға қолданылмақ.

Түркістанның жазы өте ыстық келеді. Бұл – жағажай туризмін дамытуға мүмкіндік береді. Бұрын қала аумағында бірнеше бассейннен басқа шомылатын жер тапшы болатын. Енді шаһар жаңа жасанды көлмен және жағажаймен толығады. Қалада «Түркістан» туристік-рекреациялық орталығының құрылысы жалғасып жатыр. Жасанды көлдің дамбалары орналастырылып, бетон құю жұмысы аяқталған. Туристік орталық маңы абаттандырылып, ағаштар егіледі. Жағажайға құм төселіп, демалысқа арналған нысандар салынады. Облыс әкімі мердігерлер мен жауапты басшыларға құрылысты сапалы әрі уақтылы тапсыруды жүктеді.

# «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» сайысы басталды

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Түркістан облысында спортты өркендету жолында бірқатар игілікті істер атқарылып жатыр. Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің бастамасымен бұқаралық спортты дамытуға баса мән берілуде. Бүгінде Түркістан қаласында «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» атты спорт сайыстары басталды.**

Ашық алаңдағы спорттық сайыстарды облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов пен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Қанат Жолдықараев және спорттық мекеме басшылары бастап берді. Олар жарыс жолына велошерушілермен бірге шығып, әлемдік талапқа сай салынған «Түркістан Арена» стадионынан «Отырар» шағынауданына дейін барды. Мұнда ауладағы балалар үшін асық ату, турникке тартылу, нысана ату, нысанаға доп лақтыру сияқты спорт түрлерінен сайыстар өткізілді. Жеңімпаздарға грамоталар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді. Бұл игілікті бастама ары қарай жалғасын тауып, тұрғындар арасында бұқаралық спорт кеңінен насихатталады.

# Азық-түлік бағасы бақылауда

**Түркістанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының өсуіне жол бермеу жөнінде мәжіліс өтті. Мәжіліске мемлекеттік органдардан басқа облыстағы азық-түлік тауарларының бағасын қалыптастыруға тікелей әсер ететін ауыл шаруашылығының ірі тауар өндірушілері, сауда нүктелерінің, базарлардың, наубайханалардың иелері қатысты.**

Облыстық басқармалар мен орталық мемлекеттік органдардың аумақтық департаменттері азық-түлік тауарларына бағаның өсуіне жол бермеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды атап өтті.

Облыс әкімінің орынбасары Арман Сәбитов бағаларды тұрақтандыру мақсатында дүкендерді күнделікті аралап шығуды, тұрақтандыру қорында азық-түлік тауарларының қорын қалыптастыру бойынша жұмысты күшейтуді, сондай-ақ азық-түлік тауарларының бағасын негізсіз көтеретін өндірушілер мен жеткізушілер бойынша жұмысты ерекше бақылауға алуды тапсырды. Сондай-ақ, «Turkistan» ӘКК» АҚ-ға «Айналым схемасы» шеңберінде тауар өндірушілерге әлеуетті қарыз бөлу мәселесін одан әрі пысықтау бойынша тиісті тапсырмалар берді.

Жалпы, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу бойынша жұмыстар күнделікті бақылауда және тиісті шаралар қабылданып жатыр.

# Алғашқы өнім Ресейге жөнелтілді

**Мақтаарал ауданында алғашқы өнім берген қырыққабат дақылы Ресей Федерациясына экспортталды. Бүгін Достық ауылдық округі, Гүлістан елді мекенінде орналасқан «Сауран» шаруа қожалығы 3 гектар жерден жиналған 75 тонна өнімді жүк көліктеріне тиеп, жолға аттандырды.**

2022 жылы аудан бойынша 368 гектар жерге қырыққабат дақылы егілген. Қаңтар және ақпан айларында егін еккен диқандар бүгінде алғашқы өнімін ала бастады.

«Сауран» шаруа қожалығының иесі Сауран Тұраевтың 30 гектар жері бар. Соның 3 гектарына қырыққабаттың «пекинка» атты сортын еккен екен. 50 күннің ішінде пісіп жетілген өнімнің келісін қожалық қазіргі таңда 230 теңгеден Ресейге жөнелтуде.

Жаңа технологияларды пайдалана отырып тамшылатып суару әдісімен қырыққабат еккен С.Тұраев өнімнің бағасы көңілден шығатынын, еткен еңбекті және шыққан шығынды ақтай отырып, мол пайда тауып жатқанын айтты. Жиырмадан аса жұмысшы қырыққабатты жинап, қораптарға салып, күнделікті еңбекақыларын алуда.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Баязит Әлімқұл қырыққабат дақылын жинап болған шаруа қожалықтары артынша мақта, бақша және мал азықтық дақылдар егіп тастағанын айтты. Облыс әкімі Ө.Шөкеевтің тапсырмасына сәйкес, бір жерден 2-3 өнім алу технологиясын ендіру бағытында шаруаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында тұрақты түрде семинарлар мен жиындар өткізілуде.

Айта кетейік, Мақтаарал ауданында өткен 2021 жылы 415,5 гектар жерге қырыққабат дақылы егіліп, 20 мың тоннаға жуық өнім жиналған болатын. Өнімнің орташа түсімі гектарына 472 центнерді құраған еді.

***Мақтаарал ауданы әкімінің баспасөз қызметі.***

# Шекара маңындағы өзекті мәселелер талқыланды

**Түркістанда мемлекеттік шекара аймағында заңсыз әрекеттерді болдырмау және өзекті проблемаларды шешу бағытындағы жұмыстар талқыланған жиын өтті. Облыс прокуроры Марат Алихановтың төрағалығымен өткен мәжіліске облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев және облыстағы барлық құқық қорғау органдарының өкілдері, басқарма басшылары, аудан, қала әкімдері мен прокурорлары қатысты.**

Заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету бойынша Үйлестіру кеңесінде шекара маңында түйткілдерді шешу жолдары қаралды. Атап айтсақ, шекаралық белдеуге енетін жер телімдерінің жеке және заңды тұлғалардың меншігінде болу жағдайы талқыланды. Сонымен бірге шекараның кейбір бөліктерінде инженерлік-техникалық қоршаулардың жоқтығы, көші-қон мәселелері мен шекарадан өту тәртібі, шекара маңындағы криминогендік жағдай да сарапталды. Өзбекстанмен шектесетін Сарыағаш, Келес, Шардара, Мақтаарал және Жетісай аудандарындағы мемлекеттік органдардың жұмыс барысы сөз болды.

Жиын қорытындысы бойынша шекара аймағын күшейту, көші-қон заңнамасына өзгерістер енгізу, шекарада арнайы белдеулер орнату жөнінде ұсыныстар берілді. Сондай-ақ, заңбұзушылықтарға жол берген лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған жұмысты күшейту, мемлекеттік орган өкілдерінің жұмысын жандандыру жөнінде тапсырмалар беріліп, тиісті шешімдер қабылданды.

Брифинг

# 100 жаңа аялдама орнатылады

**Түркістан қаласында биыл қалаішілік орталық көшелерге 100 аялдама павильонын орнату жоспарланған. Барлығы тұрғындардың қажеттілігіне қарай орналасатын болады. Қазіргі таңда аялдамалардың эскиз жобасы әзірленуде. Сондай-ақ, ағымдағы жылы қоғамдық көлік бағытына 30 жаңа автобус қосылады. Былтыр 40 жаңа автобус әкелінген болатын. Бұл туралы арнайы өткен брифингте Түркістан қаласының әкімі Нұрбол Тұрашбеков мәлімдеді.**

Сондай-ақ, шаһар басшысы биыл Түркістан қаласында 46,4 шақырымды құрайтын 40 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланғандығын айтты.

«2021 жылы Түркістан қаласында 15,1 шақырымды құрайтын 11 көше орташа жөндеуден өтті. Бұл жөндеу жұмыстары коммуникациялық жүйелері толығымен аяқталған көшелерде жүзеге асты. Топырақ жолдардың санын азайтып, тас жолдардың саны мен сапасын арттыру мақсатында 2021 жылы 158 шақырымды құрайтын 185 көшеге тас төселді. Сонымен қатар, биыл 29,63 шақырымдық 26 көшеге аяқжол салу жоспарлануда» деді Нұрбол Әбдісаттарұлы.

Брифингте қала басшысы шаһардағы сенімгерлікке беріліп жатқан ғимараттар жайында да баяндады.

«Сенімгерлікке беру деген жекеменшікке беру деген сөз емес. Әкімдік пен жалға алушы арасындағы келісімшарт негізінде белгілі бір уақытқа ғимарат жалға беріледі. Жалға алушы нысанның негізгі мақсатын орындай отырып, ғимаратты күтіп-ұстау жұмыстарын міндетіне алады. Сондай-ақ, шартқа сәйкес ғимаратта түрлі ақылы қызмет көрсетуіне болады. Бұл – ғимарат жұмысын жаңғыртуға және кәсіпкерлікті дамытуға серпін бермек» деді қала әкімі.

***Түркістан облыстық өңірлік коммуникациялар қызметі.***

Жолдау жүктеген міндет

## Президенттік өкілеттілікке шамадан тыс үстемдік беруден бас тарту

1. Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызмет және квазимемлекеттік сектор басшысы болуына тыйым салу
2. Президент өзінің президенттік өкілеттілігін атқару кезінде саяси партияға мүшелігін тоқтатуы қажет
3. Мемлекет басшысының облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдері актілерінің күшін жою немесе тоқтата тұру жөніндегі құзыретін алып тастау
4. Президенттің аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін қызметінен алу құқын жою
5. Президенттің Сенаттағы квотасын 15-тен 10-ға қысқарту
6. Президенттің Конституциялық сот төрағасын және Жоғарғы сот кеңесі төрағасын тағайындауы үшін Сенаттың келісімі міндетті
7. Президент облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерін тағайындауға мәслихаттардың келісімін алуы үшін баламалы негізде кемінде екі үміткер ұсынады

(ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауынан).

# ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ

## бірлік пен қажырлы еңбекті қажет етеді

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты қазақстандықтарға арнаған биылғы Жолдауының маңызы айрықша. Өйткені, бұл құжат қоғамның қажеттілігіне негізделген, еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғыртуға бағытталған бағдарламалық құжат. Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін еместігі белгілі. Еліміздегі саяси өзгерістер азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару ісінен бастап, жалпыұлттық мәселелерге дейін барлық деңгейде шешім қабылдауға дайын екендіктерін дәлелдеді. Қаңтар оқиғасы бүкіл құзыреттің бір қолда болуына негізделген басқару жүйесінің тиімсіздігін анық көрсетті. Демек, басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламенті бар президенттік республикаға көшу елімізді дамытуға жол ашады. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдыру қажетілігіне орай, Президент ұсынып отырған он бастама біріншіден, қоғамды демократияландырады, екіншіден, мемлекеттің басқаруға икемді болуын қамтамасыз етеді.

Бірінші бастама еліміздің саяси жүйесінің жаңа жағдайларға бейімделуіне байланысты суперпрезиденттік басқару үлгісінен бас тарту, партияның мемлекеттік аппаратқа кірігуіне жол бермеу, Президенттің жақын туыстарына саяси мемлекеттік қызметші болуға және квазимемлекеттік секторда басшылық лауазымдарды иеленуге тыйым салу, мемлекет басшысының аудан, ауыл әкімдерін лауазымынан босатуға құқық беретін заң нормаларын жою, яғни көп өкілеттігінен айыру саяси жаңғыру үдерісінің дамуын қамтамасыз етеді.

Екінші бастама өкілді билік тармағын қайта құру арқылы Парламенттің рөлін арттыруды және мемлекетіміздің институционалдық тұғырын нығайтуды көздейді. Сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды тек мақұлдау немесе мақұлдамау құқығын беретін норма енгізуге сәйкес, заң қабылдау құқығы Мәжіліске ғана тиесілі болады. Азаматтардың өкілді билікке сенімін нығайтуда мәслихаттардың рөлі артып, дербестігін қамтамасыз ету үшін Мәслихат төрағасы лауазымы енгізіледі. Үшінші бастама аралас сайлау жүйесіне көшу арқылы азаматтардың құқығын толық ескеруге бағытталған. Аралас сайлау үлгісі облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізіледі. Жаңа үлгі азаматтардың Мәжіліске келуіне мүмкіндік береді, жергілікті жерде бәсекелі саяси орта қалыптастырады, жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашады.

Төртінші бастама партияларды институционалдық және ұйымдастырушылық тұрғыда дамытуды қарастырады. Партияларды тіркеу ресімі жеңілдеп, тіркеу шегі 20 мыңнан 5 мың адамға азайтылып, өңірлердегі өкілдер саны 600-ден 200 адамға төмендетіліп, партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең төменгі саны 1000-нан 700 адамға қысқарады, құрылтай съезін өткізу, филиалдарды құру уақыты көбейеді. Либералдандыру саясаты сайлаушыларының қордаланған проблемаларын шешуге қабілетті жаңа партиялардың пайда болуына жол ашады. Бесінші бастама сайлау үдерісін жаңғырту мәселелерін, әділ және ашық сайлау өткізу үшін әлемдік үздік дауыс беру тәсілдерін зерттеп, біртіндеп енгізу, сайлау науқанында үгіт-насихат жұмыстары туралы регламентке сәйкес әлеуметтік желіде үгіт-насихат жүргізуге заң бойынша рұқсат беру қажеттілігін айшықтайды. Байқаушылар институты ашық сайлау жүйесінің ажырамас бөлігі болғандықтан байқаушылардың қызметі заңмен реттеліп, құқықтары мен жауапкершілігі белгіленуге тиісті. Аумақтық сайлау комиссиялары бір азаматтың екі рет дауыс беруіне жол бермей, сайлаушылар бірыңғай электронды базасы арқылы кез-келген учаскеде дауыс беруге, сайлауға ықпал етуге жол бермеу үшін сайлау қоры қаржысының жоғарғы шегін нақтылауға міндетті.



Алтыншы бастама құқық қорғау институттарын күшейту жолдарын белгілейді. Олардың ішінде заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ететін Конституциялық сот институтын құру, Бас прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігін беру, азаптауға байланысты қылмыстарды тергеу ісі бойынша құзыретті Бас прокуратураға беру. Жоғары сот кеңес құрылымы Президенттің соттарды жасақтау жөніндегі конституциялық өкілеттігін қамтамасыз етеді, судьялардың тәуелсіздігіне ешкімнің қол сұқпауына кепілдік береді. Алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің қатысуына жол ашып, алқабилер институтының дамуы сот жүйесін демократияландыруға, қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

Жетінші бастама бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайтуды талап етеді. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің орнына құрамына аймақ өкілдері, Парламент депутаттары, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Азаматтық альянстың, қоғамдық кеңестер мен ұйымдардың мүшелері, қоғам қайраткерлері, өндіріс және ауыл шаруашылығы саласының жұмысшылары, бизнес өкілдері кіретін Ұлттық құрылтай құрылады. Құрылтай қоғамдық диалогтың біртұтас институционалдық моделін қалыптастыра отырып, билік пен халықтың арасындағы дәнекерге айналуға міндетті.

Сегізінші бастама еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіруге арналған. Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты Абай, Ұлытау облыстары құрылып, Семей, Жезқазған қалалары жаңа облыс орталықтары болады. Алматы облысы екіге бөлініп, Жетісу және Алматы облыстары құрылады. Алматы облысының орталығы Қапшағай, Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласы болады. Әкімшілік-аумақтық өзгерістер мемлекеттік басқару үдерісін жеңілдетеді және ішкі көші-қон мәселесін реттейді.

Тоғызыншы бастама жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыруды реттейді. Билікті орталықсыздандыру өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беруді талап етеді, онсыз азаматтық қоғамды дамыту мүмкін емес. Саяси жаңғыруда мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқару институтының негізгі буынына айналды, олардың өкілеттігін нақты белгілеп, меншік базасын кеңейтіп, өңірлерді қаржыландыру жүйесін түбегейлі қайта қарау қажет, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тікелей қаржыландыру өңірлерді дамытуға, еліміздегі демократиялық өзгерістерді орнықтыруға жол ашады.

Оныншы бастама дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін шаралар туралы. Үкімет дағдарысқа қарсы кезек күттірмейтін кешенді шаралар топтамасын жүзеге асыруға, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге, қаржы саласындағы жасанды сұранысты азайтуға міндетті. Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл бағытта шешуші шаралар қабылдауы қажет. Үкімет жанынан құрылған Жедел штаб ақпаратқа жылдам талдау жасайтын, шұғыл шаралар әзірлейтін ахуалдық орталық сияқты жұмыс істеуі керек.

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамалары еліміздің саяси жүйесі мен әкімшілік-аумақтық құрылымын өзгертеді. Бұл бастамаларды жүзеге асыруда Қазақстан халқы ауызбіршілікті, ақыл мен сабырды, парасат пен ұстамдылықты ұстануы керек, себебі біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Жаңа Қазақстан дегеніміз әрбір азаматтың конституциялық құқығының мүлтіксіз сақталуы, мемлекет пен қоғамның өзара сеніміне негізделген жаңа саяси мәдениеттің қалыптасуы, маңызды шешімдердің халықтың қатысуымен ашық қабылдануы. Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты.

***Н.БАЛАБИЕВ,***
***Шымкент қалалық мәслихатының депутаты,***
***«Amanat» партиясы фракциясының мүшесі.***

# КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ

## көзіме оттай басылды

**Кез келген елдің халқы өздері үшін құнды дүниелерге құрмет көрсетіп жүреді. Олардың арасында біз үшін әсіресе, мемлекеттік рәміздердің орны бөлек. Себебі, мемлекеттік Ту, Елтаңба мен Әнұран киелі Қазақстанымыздың тәуелсіз ел екенін бүкіл әлемге танытып тұратын нышан, өткеніміз бен бүгініміздің арасындағы сабақтастықтың жарқын көрінісі. Қазақ халқының ұлттық рухын көтеретін де осы рәміздер екені анық.**

Сондықтан Отанын жан-тәнімен сүйетін спортшылар, өнерпаздар мен басқа да мамандық иелері әлемдік ареналарда көк туымызды көкке көтеріп, әнұранымызды кемінде бір рет шырқатсам деп армандайды. Өйткені, елін, жерін сүйетін адам өзіне артындағы барша жерлестері қолдау білдіріп, жанкүйер болып, әр жеңісіне дәл өзі сияқты қуанатынын жақсы түсінеді. Мен де қазақ халқына осындай керемет сезімді сыйлай білгеніме қуанамын.

Себебі, елімнің атын әлемге паш етіп, абыройын асқақтатуды армандаған мен үшін ұзақ жылдар бойғы дайындықтың арқасында дүбірлі додаға жолдама алып, кіл мықтыларды жеңіп, көк туды бәрінен биік желбіреткеннен артық бақыт жоқ еді. Дәл сол сәтте жеңіс тұғырында қолымды кеудеме қойып, көк туымызға қарап тұрып Әнұранымызды шырқағандай сезімді ешқашан сезінбегенмін. Жүрегім кеудеме сыймастай болып, тұла бойымды бір ыстық жалын шарпығаны әлі есімде. Ол – мемлекеттік рәміздеріміздің қасиетті, киелі екендігінің айқын дәлелі. Сондықтан осынау құндылықтарымызға құрмет көрсету – әр қазақтың азаматтық парызы деп білемін.

***Аяжан ЕРГЕНТАЙ,***
***әмбебап жекпе-жектен әлем чемпионы,***
***әлемнің үздік техникалық жауынгері.***

Нарық

# Зейнетақы мен жәрдемақы қалай индекстелді?

**2022 жылға арналған инфляция дәлізі 8-10 пайызға дейін қайта қаралды. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін инфляция дәлізінің болжамы 4-6 пайызды құраған болатын.**

Бүгінде барлық әлеуметтік төлемдер (зейнетақылар мен жәрдемақылар) инфляцияның болжамды деңгейін ескере отырып индекстеледі. Мәселен, биылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейінің немесе айлық есептік көрсеткіш деңгейімен есептелетін жәрдемақылар мен базалық зейнетақының мөлшері 5 пайызға (инфляцияның орташа болжамының деңгейі) арттырылды.

Ынтымақты зейнетақылардың мөлшері (жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері) инфляцияның болжамды деңгейінен 2 пайызға оза отырып, жыл сайын индекстеледі. Тиісінше ынтымақты зейнетақының мөлшері жыл басынан 7 пайызға индекстелген.

Инфляция дәлізін қайта қарауды ескере отырып, тағайындалған зейнетақылар мен жәрдемақылардың мөлшерін қосымша 4 пайызға индекстеу жоспарлануда, бұл жиынтығында базалық зейнетақылар мен жәрдемақылардың 9 пайызға, ал, жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақылардың 2021 жылмен салыстырғанда 11 пайызға өсуін қамтамасыз етеді.

Мысалы, егер нақты алушыда өткен жылы (2021) зейнетақы мөлшері 95,4 мың теңгені, оның ішінде ынтымақты зейнетақы – 70 000 теңгені, базалық зейнетақы мөлшері 25 384 теңгені ( ең төменгі күнкөріс деңгейінің 74 пайызын) құраса, онда 2022 жылдың басында индекстеуді ескере отырып (ынтымақты зейнетақы үшін 7 пайыз және 5 пайыз базалық зейнетақы үшін) зейнетақы мөлшері – 101,6 мың теңгені құрады, оның ішінде ынтымақты зейнетақы 74 900 теңге болды.

Ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап зейнетақы мөлшері (қосымша индекстеуді 4 пайызды ескере отырып) 105,6 мың теңгені құрайды, оның ішінде ынтымақты зейнетақы – 77 896 теңге және базалық зейнетақы – 27 668 теңге болды.

Осыған ұқсас жәрдемақылар көлемі де арттырылатын болады.

«2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына тиісті өзгерістер енгізу жобасы Парламент Мәжілісінің қарауында жатыр. Бұл ретте әлеуметтік төлемдерді қосымша индекстеу жөніндегі нормалар Заң жобасына қол қойылғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және төлемдер мөлшеріне 2022 жылғы 1 сәуірден бастап қолданылады.

Осылайша зейнетақылар мен жәрдемақыларды жоғары мөлшерде төлеу Заң жобасына қол қойылғаннан кейін жүзеге асырылады. Бұл ретте сәуірден бастап Заңға қол қойылған айға дейінгі өткен төлемдер қайта есептеледі, ал, тиісті қосымша төлемдер кезекті зейнетақы немесе жәрдемақы төлеумен жүргізілетін болады.

***Жанат ЖАМАХОВА,***
***ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті басшысы орынбасарының міндетін атқарушы.***

Ońtústik QAZAQSTAN

«Ақтаңдақтар» ақиқаты

# Саурандық ағартушы САНДЫБАЕВ

## не үшін «халық жауы» болды?

**Еліміз егемендікке қол жеткізгелі бері ұлттық тарихымыздың беймәлім беттері қайта қарастырылып, жан-жақты зерттеліп жатыр. Осы тұста кешегі Алаш оқығандарының аманатын мінсіз атқаруға барын салған, халық ағарту саласында ұзақ жылдар бойы жемісті қызмет атқарған ұлт зиялылары да ұмыт қалмауы керек. Өйткені, олар да ел ертеңі үшін қызмет етті, жалған жалаға ұшыраған ірі тұлғаларымыздың қатарында большевиктік идеологияның құрбаны болды.**

Бүкіл саналы ғұмырын ағарту саласына арнаған жандардың бірі – ұлағатты ұстаз Әбубәкір Сандыбаев.

Жалпы, өңіріміздегі мұрағат қорларында ол кісі жайлы деректер мардымсыз. Тек Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының архиві қорындағы құжаттарда оның бертінде өз қолымен жазылған өмірбаяны ғана сақталыпты. Онда саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған саурандық ұстаз өз өмірі, өскен ортасы жайлы былай дейді:

«Мен Сандыбаев Әбубәкір 1887 жылы туылғам. Әкем Сандыбай өлген соң 4 айдан кейін туған екенмін. 9 жасымда шешем өлді. Содан кейін әркімнің есігінде жүрдім.

1900 жылдан 1903 жылға дейін бұрынғы Жаңақорған болысының 4-ауылындағы Байымбетов Ахмет дегеннің малын бақтым да, 1903 жылдан 1907 жылға дейін қара жұмыс істедім.Төменарықтағы теміржолда, 1907-1908 жылға дейін Жүлік болысының 8-ауылында оқып хат таныдым.

Ал, 1909-1913 жылдар аралығында Жаңақорған болысында Байниязов Батырбек деген байдың малын бағып, 1913 жылдан 1918 жылға дейін Түркістан уезінің Ақтөбе болысында диқаншылық еттім. Ал, 1919 жылдан 1925 жылға дейін Сауран советінде мектеп мұғалімі болып істедім. 1925-1926 жылдары Шағатай болысы исполкомына заместитель, 1926-1928 жылдары Түркістан уезінде председатель болдым».

Қарап отырсаңыз, 1934-1938 жылдары Балтакөл ауылында (қазір Отырар ауданының құрамында) ауылдық Кеңесті басқарып, 1938 жылдан 1940 жылға дейін қамауда болған, ақталып шыққан соң өскен өңірінде түрлі қызметтерді атқарған, туған жерден табан аудармай, туған елден қол үзбей тер төккен Әбубәкір Сандыбайұлының да көрген азабы, тартқан тауқыметі аз емес. Рас, түркістандық жерлестері Әбубәкір Сандыбайұлының атын ұлықтауда, оның есімін ұрпақ жадында қайта жаңғыртуда бірқатар игі істерге мұрындық болып-ақ жатыр. Өзі ұзақ жыл қызмет істеген Балтакөл ауылындағы мектепте Ә.Сандыбаевтың атында мұражай ашып, ауылдың көрнекті көшелерінің біріне есімі берілген. Одан бөлек кезінде қала әкімі Өмірзақ Әметұлының шешімімен қаладағы А.С.Макаренко көшесіне де Ә.Сандыбайұлының аты беріліп, ілкімді істер жалғасын тапты. Расында да, ол мұндай құрметке әбден лайық азамат еді. Атамыз қазақ та «тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» демей ме?! Бүгінде Әбубәкір әулетінен шыққан ұрпақ та бір қауым елге айналып, оның кіндігінен тараған Ерғали, Мырзағали, Нұрбибі, Сапарғали, Сұлтанғали, Батырғали, Зияда, Жұмағали, Сағынғалилар түрлі салада қызмет етіп, абырой биігінен көрінуде.

Әсіресе, Сағынғали Әубәкіров туралы сөз бөлек. 1948 жылы 7 ақпанда Түркістан ауданының Жалаңтөс ауылында туып, 1973 жылы Шымкент мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетін үздік дипломмен бітірген ол әке аманатына адалдығын танытып, білім саласына сүбелі үлес қосып келеді. Алдымен 1973-1977 жылдары Қазақстан Компартиясы Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің партия документтері мұрағаттар бөлімінде ғылыми қызметкер болып еңбек жолын бастаған ол 1978 жылы Шымкент педагогика институтының КСРО тарихы кафедрасына қызметке ауысты. 1984 жылы диссертациясын сәтті қорғап, тарих ғылымының кандидаты атанды. 1988-1991 жылдары институттың партия комитетінің хатшысы, 1991-1993 жылдары тәрбие жұмысы жөніндегі проректор, 1993-1997 жылдары Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі болды. 1998 жылдан халықаралық қазақ-түрік университетінің тарих факультетінің деканы қызметін атқарып, профессор атанған азамат бүгін де білім саласынан қол үзген жоқ. Өңіріміздегі жетекші жоғары оқу орындарының бірі – ОҚМПУ-да дәріс беруде. Ең бастысы, әке алдындағы перзенттік парызын өтеуді мұрат көрген ұстаз 2002 жылы «Алтын діңгек» атты еңбегін жарыққа шығарып, тың тақырыпқа түрен салды. Өйткені, Ә.Сандыбаев турасында қалам тартқандар сол тұста некен-саяқ болатын. Қазір де саурандық мұғалімнің рухани мұрасы терең зерттеліп жатыр деген сенімде емеспіз. Дегенмен, мұрағат қорларында ол жайлы мәліметтер жоқ емес, бар.

Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатындағы құжаттардан Әбубәкір Сандыбайұлының Түркістан өлкесінің дамуына үлес қосқанын көруге болады. Ол 1928 жылы елді индустрияландыру жөніндегі мемлекеттік заемды тарату жөнінде үгіт жүргізу, астық дайындау секілді түрлі тапсырмаларды орындай жүріп, кәмпеске жұмыстарымен ауылдарда да болғанға ұқсайды.

Шыны керек, кәмпеске кезіндегі асыра сілтеу, жергілікті шала сауатты шолақ белсенділердің жүгенсіз әрекеті халықтың ашу-ызасын туғызғаны белгілі. 1930 жылдың ақпан айында науқаншылдықты ту етіп, туған халқына тізесін батырған, салықты артығымен жинап, жоғарыға жарамсақтанып қалуды қолай көрген «қайраткерлердің» жосықсыз әрекеті де біздіңше Созақ көтерілісінің бұрқ ете қалуына себепші болды. Тіпті, мұрағаттағы құжаттарда осы ауданның 16-ауылынан 11 пұт мал тұяқтары, сүйектер, мүйіздер, 1 пұт құс қауырсыны, 2 пұт жылқының жалы мен құйрығы, 21 дана ит терісі, 22 дана мысық терісі, 210 дана уақ мал терісі, 47 пұт ескі киіз, 215 пұт шойын мен темір» жиналғаны тайға таңба басқандай анық жазылған. Алайда, ақиқаттан аттамаған да дұрыс. Белсенді атаулы бесатарын қоқандатып, беттің арын белге түйіп, бас көтергеннің бәрін «бандыға» жатқызып, түгелдей елді зар еңіретті десек, шындыққа қиянат болар еді. Сол кезде аудандық деңгейде басшылық қызмет атқарған Әбубәкір Сандыбайұлы көтеріліс басшыларымен астыртын байланыс жасап, халықты босқа арандап қалудан сақтандырып, өкімет әскеріне құр қолмен, айыр-күрекпен қарсы тұрудың құрдымға жетелейтін жол екендігін ұғындыруға қаншама тырысқанымен, шыдамы шегіне жетіп ашынған халық құлақ аса қоймайды. Ал, жазалаушы отрядтың көтеріліске қатысушыларды, яғни «бандыларды» аяусыз қырып-жойып, абақтыға жауып, жер аудартып, елдің бас көтерерлерінің бәрін тып-типыл еткені баршаға белгілі. Біздіңше Әбубәкірдің осы тұстағы қоғамдық қызметі де жете зерделенгені жөн. Өйткені, «банды» ұғымының өзіне байыппен қарап, тиісті тұжырым жасайтын кез келді.

Жоғарыда аталған еңбекте автор әкесінің қуғынға ұшырауын 1937 жылы Халкомкеңес төрағасы Ұзақбай Құлымбетовтің Түркістанға келуімен байланыстырады. Өйткені, НКВД-ның «жаптым жаласының» ішінде оған тағылған айыптардың үлкені ретінде Үшқайық ауылдық Кеңесінің төрағасы Ә.Сандыбайұлының Балтакөлге барған өкімет басшысының автомобилін желқайықпен дариядан өткізіп, қызмет жасауы, «халық жауы» Құлымбетовті сол жолы келгенде мал сойып, үйінде күтуі, оңаша әңгімелесіп, одан тапсырма алуы, т.б. атап көрсетіледі. Одан қалса, кәмпеске науқанында «қырағылық танытпағаны», түркішіл Мұстафа Шоқаймен туыстығы тағы бар. Осылайша оп-оңай ұлтына опасыздық жасаған болып шыға келген Сандыбаев та саяси тұтқындар лагеріне айдалып кетеді.

Ал, ондағы адам төзгісіз ауыр бейнетті, қорлық пен кемсітуді көзі тірісінде жан баласына жақ ашып айтпаған әкесінен амалын тауып, суыртпақтап сұрап білген С.Әубәкіров «Алтын діңгек» кітабында боямасыз жеткізіпті.

«...ГУЛАГ-тың Сібірдегі лагерьлерінің бірінде мыңдаған саяси тұтқындар ағаш дайындайды. Күн суық, киім жұқа, жұмыс ауыр. Кешке шаршап-шалдығып келгенде беретіні жарты бөлке нан. Еңбек нормаңды орындамасаң ол да жоқ. Арамызда неше түрлі адамдар бар, ешқайсысының да жағдайы мәз емес. Қыстың ұзақ түндерінің бірінде қатты ұйықтап жатып түс көріппін. Орман ішінде бір терең құдыққа түсіп кетіп, содан қалай шығарымды, не істерімді білмей айғайлап, қатты қиналып жатқанда өзім пір тұтатын Қожа Ахмет Ясауи келіп: «Ей, момын пендем, қатты қиналдың ғой, ұстамына асатаяқтан!» дегенде, қос қолыммен шап беріп ұстай алған екенмін. Құдыретті күш лып еткізіп жер бетіне алып шығыпты. Содан Құдайға жалбарынып, дұғамды бағыштап, түсімді жақсылыққа жорыдым.

Бір күні орман ішінде ат шанамен келе жатсам, әудем жерде үкі қонақтап отыр екен. Жолдан кетсін деп қолымдағы таяқты лақтырып едім, жанды жеріне тиіп, әлгі үкі өліп қалды. Содан үкіні бараққа алып келдім. Саяси тұтқындар арасында Николай Иванов деген биология профессоры бар екен, сол қоярда-қоймай үкіні сұрап алып, одан әдемілеп тұлып жасап, барактың бір бұрышына қондырып қойды. Тұтқындардың барлығы оны қызықтап, тамашаладық. Сол күні лагерьдің бастығы бағактарды аралап жүріп, біздің үкіге көзі түсіп, қатты қызықты. Ол маған «Менің қызымның бүгін туған күні еді. Сыйлыққа осы үкіні алып барсам, ол қатты қуанар еді» деді. Мен оған «Алыңыз, менің атымнан сыйлық деп түсініңіз» дедім. Ертесіне ол келіп, маған отбасының атынан рахмет айтып, мені асханадағы нан турайтын жұмысқа ауыстырды. Саяси тұтқындар көп болғандықтан турайтын нанның қоқымы кешке дейін бір дорбадай болып қалатын. Кешке бараққа жиналған соң нанның қоқымдарын уыс-уыс қылып қасымдағы серіктеріме бөліп беретінмін. Аш құрсаққа бұның өзі әжептәуір күш еді...

1940 жылдың жазына таман түн ортасында мені жасақшылар оятып, тез киініп сыртқа шығуға бұйырды. Мен тез киініп жатып, орманға апарып атып тастайтын болды-ау деп қасымдағылармен қоштаса бастадым. Сыртқа шыққан соң жабық машинаға мінгізіп, стансаға әкеліп, саяси тұтқындар мінетін вагонға қамады. Жиырма күндей поезд тек түнде жүріп отырып, бір стансаға келген соң, мені басқа тұтқындармен сыртқа шығарып, жерге жүрелетіп отырғызды. Абайлап жан-жағыма қарасам, көз алдымда Шымкентімнің вокзалы тұр, қуанғанымнан жүрегім жарыла жаздады. Көзімнен ыстық жас парлап қоя берді. Содан соң Шымкент қаласындағы абақтыда алты ай бойы тергеуде болып, біржолата ақталып шықтым. Сол баяғы көрген түсімнің орындалғанына көзім жетті» деген әке естелігін әсірелемей баяндаған. Елге оралған соң да сан сарсаңға түскен Сандыбаевтың жоғары орындарға өзінің кінәсіздігін дәлелдегісі келіп, қайта-қайта арыз жазғанын айта келе, ол әкесінің Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетіне жолдаған арызын да сөзбе-сөз келтіре кетіпті.

Қараңыз: «Мен осы арызбен сізге өтініш білдіремін. Коммунист большевик партиясының 1927 жылдан бері мүшесі болып міндетімді атқарып келдім. Партия қатарына кіргелі ешқандай сөгіс, ескерту алған емеспін.

Мені Түркістан аудандық НКВД-да істейтін қызметкерлер тұтқынға алды. «Халық жауысың» деп, «кінәңді мойында» деп зіркілдейді.

Түрлі істемегенді істедің, ойламағанды ойладың деген айып тағылып сотталып кеттім. Лагерьде жатып жоғарғы орындарға айыпсыз екенімді білдіріп, шағым-арыз берген едім. Сол арызым бойынша маған берген үкімді бұзып, «мені айыпсыз» деп тауып, 1940 жылдың 23 сентябрінде босатты.

Сондықтан сіздерге мәлім етіп өтінемін, мені бұрынғы стажым бойынша қайтадан коммунистік партияның қатарына анық мүше етіп қабыл етсеңіз деп өтінемін.

Партияға кірген уақытым 1927 жылғы 24 март, партбилетімнің нөмері 1588264. Өзімнің туған жылым 1887 жыл, ұлтым қазақ, тұрмысым кедей. Бұрын да кедей болып келгенмін. Әкем де өте кедей болған.

Осы жақтағы адресім – Фрунзе ауданында, «Балтакөл» колхозда тұрамын.

Әбубәкір Сандыбаев. 22 октябрь, 1940 жыл.

Алайда, 1925 жылдан 1937 жылға дейін ол Сырдария губерниясы, Түркістан қалалық уездік Қосшы одағының төрағасы, аудандық Кеңес атқару комитетінің нұсқаушысы, мал өнімдері шикізатын дайындайтын аудандық мекеме басқармасының мүшесі, аудандық жер бөлімі мал шаруашылығы секторының меңгерушісі, Балтакөл ауылдық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы, Буденный атындағы колхоздың төрағасы, Түркістан аудандық тұтынушылар одағының төрағасы, аудандық жабдықтау конторасының төрағасы қызметтерінде болып, одан тыс Түркістан ауданы, Шаға болысының аумағында халық шаруашылығын индустрияландыруға арнап шығарылған мемлекеттік заемды тарату жөнінде үгіт жүргізу, астық дайындау, 1906 жылы туғандарды әскерге шақыру, Қазақ Орталық Атқару Комитетінің (КазОАК) ірі байлардың дүние-мүлкін кәмпескелеу жөніндегі қаулысын түсіндіру және қоғамдық-семьялық қор жасау, тағы басқа түрлі ұйымдастыру жұмыстарын атқарып, 1920 жылдардың бедерінде көптеген ауыл мектептерін ашуға, оларға арнап оқу ғимараттарын салдыруға мұрындық болған қайраткердің айдаудан босағасын да өз аймағына зор еңбек сіңіріп, қыруар жұмыстар атқарғандығын көзін көргендер бертінге дейін айтып келген екен. Бізді аса қызықтырғаны да оның ағартушылық қызметі мен қаламгерлігі.

Жалпы, кешегі тарихқа қайта бір көз жүгіртетін болсақ, екінші жалпықазақ съезі бүкіл Алаш баласының басын қосып, өз алдына автономия етуді көздеді. Осы мақсатта Түркістан қазағымен кездесу үшін Алашорда көне шаһарда Сырдария облысының съезін шақырып, оны өткізуге түркістандық зиялылардың басшысы Садық Өтегеновпен бірге Әбубәкір Сандыбайұлының да белсене атсалысқанын білеміз. Яғни 1918 жылдың 6-9 қаңтарында өткен съезде Түркістан өлкесін мекендеген қазақтардың Алаш автономиясына қосылуы туралы шешім қабылданған, бірақ, қалыптасқан саяси жағдай ол шешімді іске асыруға мүмкіндік бермеді.

Ал, төңкерістен соң жаңа үкімет жағына шығып, білім саласында өз соқпағын салған Сандыбаев кәнігі журналист болмаса да, «Ақ жолдың» «Елден» деген айдарына хабарламалар, мақалалар жолдап отырды. Мәселен, «Сауран мектебі» мақаласында ол мектептегі 105 баланың 30-ы қарасатыны жоқ жетім екендігін, олардың қамқоры болмағасын интернатта жатып оқитынын айта келе, Түркістаннан келген қыр қазағының өмір тынысынан бейхабар комиссияның сол жарымкөңіл жетімнің 9-ын оқудан шығарып тастағанын күйіне жазады. Осылайша «байдың тұқымы екен» деген байламға тоқтап, тоғызының да үйлері алыс, әрі кедей болғандығына қарамай мектептен аластаған мұндай комиссияның ел ішіне шығуының пайдасынан зияны көп болып тұрғанын тайсалмай айтса, «Шаруаға жайсыз іс» мақаласында ауылдағы біліксіз басшылардың берекесіз тірлігін баян етеді. Ол Түркістан уезі, Ақтөбе болысының исполком бастығы Наурызбайдың Сауранға келіп, бос малдың болмай тұрғанына да еш басын қатырмай, халықтың түйесін пішен тасуға күштеп көндірмекке тырысқан тізеге басуына тоқтала отырып, «Ақ жолдың» 25-ші санында шыққан «Шаруаға керекті болғандықтан, тұқым өсіретін ұрғашы түйелер мен буралар алынбайды» деген шұғыл хабарға да шекесінен қарап, оған салса ұрғашы түйе мен бура түгіл, ботаға шейін алуға арланбай отырғанын жазып, араша сұрайды. «Шаруаның өсетін малдары алынбайды» деген бұйрықтың қағаз бетінде қалмауын қадағалауды өтінеді.

Біздіңше оның «Көрген-білген бар ма?» атты мақаласының көлемі қысқа болса да көтерер жүгі ауыр. Мұнда ағартушы түркістандық Ыбырай Жандарбек баласының қызыл әскер болып 1919 жылы Жетісу майданына жіберіліп, келесі жылы қазасы туралы хабары келіп, үй іші асын беріп қойғанда Закаспий соғыс майданынан қайтқан бір солдаттың аузынан Ыбырайдың Ашхабадта жатқандығын, кейінірек Қоқанда жүргендігін естігендігін айтып, бауырына газет арқылы іздеу салады. Сондай-ақ, Түркістан уезі, Ақтөбе болысы 4-ауыл қазағы, қызыл әскерге жазылып, Түркістаннан кеткен Жаныс Жарыбайұлынан да сол күйі еш хабар болмай отырғанын жазып, «Ақ жолдың» қалың оқырманынан хат күтетіндігін айтады. Ал, «Ақ жолдың» 1921 жылғы 28 шілдедегі санында сол кезде «күйіп тұрған» тақырып саналған «Орынсыз жақындық» атты әйел теңдігі мәселесін көтерген мақаласы жарияланғанымен, негізінен Сандыбаев оқу-ағарту саласы жайында көбірек қалам тартқан. Айталық, «Түркістан үйезі» еңбегінде ол Саурандағы жалғыз қазақ мектебінің хал-жайын: «Өзбек, қазақ балалары аралас оқып жүретін. 1920 жылы жазда Саураннан 30 балалы интернат ашылып еді. Көшпелі қазақ халқының балалары үшін оған 30 бала алынды. Әке-шешесі жоқ жетім балалардан һәм ауылы алыс кедейдің балаларынан.

Интернатқа керекті саймандардың бірі де жоқ. Алғашқы кезде 3 кесек киіз алынып еді. Онан бөлек еш нәрсе берілген жоқ. Көрпе, жастық, киім сияқтылар. Алғаш ашылған уақытында балаларға киім қылу үшін 40 бөлек бөз беріліп еді. Сонан қысып, қымтып 5 көрпе қылып жетім балаларға бердік. Сонымен тор, аяқ, жабдық, қазан, шелек ондай нәрселер әркімнен уақытша сұралып алынады. Кровать, стол, орындық дегеннен еш нәрсе жоқ. Бұл туралы халық ағарту бөліміне айтсақ, ақшаның жоқтығын айтады. Көмір алуды бөлімге жазсақ, ақша берсе істеліп беріледі, болмаса жоқ дейді. Сонымен, осы уақытқа дейін келді.

Балалардың жатқан жайы жазға жайсыз болған себепті 20 майда Құрбанбек Ағаяқ баласының қорасын алып сонда қондырдық. Қорасының бәрі салқын болғандығы үшін.

Өткен май айының ішінде балаларға екі сыпырадан тауар шығып, балалар жаңа киім киіп көңілдері көтеріліп қалды. Сондықтан бұл туралы хүкіметке алғыс айтуда» деп туғанына жақпаса да турасын айтып, шыр-пыр болады. Осы жылдың қаңтарында газет бетінде аталған тақырыпты қайта көтерген ұстаз Сауран интернатының жөндеу жұмыстарына жоғарыға смета тапсырғанымен, ақшасы да, хабары да жоқ болып тұрғанын оқырманға жеткізеді. «Суық түсіп, қылышын сүйретіп қыс келіп қалады-ау» деп қауіп қылған ол қамсыз отырмай, Саурандағы партияға кірген азаматтар мен жастар ұйымы мүшелерінің басын қосып, жұмалық жасап, интернатты, оның айнала-маңайын тазалатып алады. «Көп түкірсе – көл» деген ата мақалының рас екендігін іспен көрсеткен Емен Өтебаев, Абдрахман Махмұтов сияқты жол бастап жүрген жастарға басылым арқылы алғысын да жеткізеді. Расында да қай істі қолға алмасын аяқсыз тастамайтын Ә.Сандыбаев қаны тамып тұрған шындықты шырылдай жеткізуден бөлек, жақсының жақсылығын көпке үлгі етуді де ұмытпайды.

Қараңыз, «Тәңір жарылқасын» атты дүниесінде ол былай дейді:«Түркістан үйезінің халық ағарту бөліміне жолдас Есім Асқаров бастық болғаннан бері Түркістан үйезінде мектептер хәлі дұрыстала бастады.

Сол Есім жолдастың әрекеті бойынша,Түркістан уезінің әрбір болыстарына 1 мың пұт бидайдан мектеп салығы (школьный налог) салынып, ол жиналып отыр. Бұл салықтан жиналған пайдалардың дені мектеп түзеу ісіне жұмсалып, қалғандары мектептегі оқытушылардың қаражатына беріліп отыр. Бұрын бұралып, аштықтан азап шегіп жүрген оқушы, оқытушылар тіршілігіне керекті қаражаттарына қарық болып қалған соң, өте көңілденіп, оқу, оқыту ісіне жұмыла ұмтылды. Мысалы үшін Сауран қыстағындағы 19-шы қазақ мектебін алайық. Бұл мектеп 1919 жылы ашылған. Тұрағы саурандық өзбек Мұхамеджан Назаров дегеннің қорасындағы үш бөлмелі мейманхана еді. Бұл үйге мектеп орнағалы жаңғыртылмай, ремонт болмай, үстінің шиі шығып, астының тақтайы түсіп, ақшаңдақ топырақ басып жатқан еді. Халық ағарту бөлімі пұл жоқтықтан бұған да, осы сияқты мектептерге де назар көздерін салмайтын еді. Сөйтіп, тұрған үйдің онан сайын тұрқасы шыға бастаған еді. Баяғы Есім жолдас ағарту ісін қолға алғалы, тұрқаланған мектебіміз жаңарып, жаңғырылып қалды. Оқушы, оқытушыларымыз да тойынып қалды. Енді оқу, оқыту ісіне тегіс ықласты болды. Есімнің бұл жақсылығын естен шығармаспыз. Оқушылар да өте риза. Сондықтан балалар атынан Есім жолдасқа тәңір жарылқасын айтамыз». Былайша айтқанда, ол тұрмысқа қажеттінің бәрі қат болып, оқудың да екінің бірінің маңдайына жазылмай, табысынан гөрі шығысы, жетістігінен гөрі жеңілісі көп болып тұрған саланың басына Есім секілді есті басшының келгенін қуана құптап, басқа-басқа, білім саласына бейсауат жандарды жақындатпау керектігін астарлап жеткізеді. Газет басқармасы да ағартушының алақандай ғана мақаласына үн қосып, «Мынау үлгі іс екен. Халық ағарту қайраткерлері Есім жолдасқа еліктеуі керек. Ал, оқушы, оқытушылар енді-гі жаңарып, жаңғырған мектептеріңді торқалап, тоздырмасқа тырысыңдар!» деп үндеу жолдайды.

Жалпы ағартушы Ә.Сандыбаев мақалаларының тақырыбы сан алуан.

«Ұры көбейді» мақаласында ол Түркістан уезінде 1920 жылдан мал ұрлығы өршіп тұрғанын айтып: «...Осы кезде де ұрланып жатыр. Әсіресе, өткен сентябрь, октябрь, ноябрь айларында мал ұрлығы көбейген еді, із кесушілердің айтуына қарағанда, ұрлықтың іні тау жағындағы отырған Арқалық ағайындардың ауылына барып тоқтайды-мыс. Бірнешеулері малының ізімен Арқалықтардың ауылына барып, малын ала алмай, таяқ жеп қайтып отыр. Арқалық ағайындар Түркістанға қалашылап келіп, қайтарында жарамды қолға мал салып, дәндеп жүр екен. Сонымен, ұрлық күшейіп бара жатыр. Хүкімет кеңселері мұны құртудың шарасына кірісуі керек» десе, «Түркістан үйезі Сауран қыстағындағы партия ячейкасының жайы» мақаласында: «Ячейка 1919 жылы ашылған еді. Содан бері партия мүшелері уақтылы жиналып, өзіне тиісті жұмыстарын жақсылап жүргізіп келе жатқан жоқ. Солай болып келе жатқанына да 1922 жылы Түркістанға партия сұрыптаушы комиссия келіп, даладағы қыстақ халқына шықпай, даладағыларды қалаға шақыртып, ақиқат қылмақшы болған. Оған ауылдағы қысқа аяқтылар жете алмай қалды. Кейбіреулері естімей қалған, партия мүшелерінің көбісі далбаса. Партиядан шығып қалған.

Сауран қыстағына Түркістан ОГУРКОМ тарапынан 1920 жылы 18 февральда инструктор болып жолдас Сабиров келіп, бар партия тіршілігі туралы партия мүшелеріне сөз сөйлеп, кезекті істерін түсіндірді. Сол уақытта мәжіліс үйіне партиядан шақырылған партия мүшелерінен ячейка атына арыздар түсе бастады. «Біз көптен партия мүшесі едік, себепсіз партиядан шығарылып қалдық» деп мәжіліс арыздарын ақиқаттап, бір сыпырасы қайта партияға кірді.

27 февральдағы болатын Түркістан қаласындағы партия конференциясына уәкілдер сайланды. Һәм партия жастары «Қосшылар» ұйымдарының мүшелер үшін кешкі курс ашылды. Сондағы мақсат – мүшелердің сауатсыздығын жою. Курста күніне екі сағат Саурандағы кеңестер мектебінде оқу болады» деп ел ішіндегі жағымды-жағымсыз жаңалықтармен бөлісе келе, өзінің партия тұрмысының һәм ел ішінің хабарын Ташкендегі «Ақ жол» басқармасына жазып тұруға жас тілшілікке қабылданғанын да көрсете кетеді. Демек, «Ақ жолдағы» (қазіргі «Оңтүстік Қазақстан» газеті) ағаларының аялы алақанында өскен, журналистік қызметін ерте бастаған Әбубәкір Сандыбаев мұраларының мән-маңызына үңілу, оны жас ізденушілерге тақырып ретінде ұсыну, т.б. жедел қолға алынуы тиіс шаралар кешеуілдемеуі керек. Ал, бұл мақала Сандыбаев жайлы салиқалы ойдың бастауы ғана.

***СУРЕТТЕ:* Ә.САНДЫБАЕВ** отбасымен.



ПОСТАНОВЛЕНИЕ 6

Оргбюро Казпотребсоюза по Южно-Казахстанской области.

гор. Чимкент. № 37/а от «24» / IV 1942 г.

О работе тов. САНДЫБАЕВА.

Рекомендованного Фрунзенским РК КП(б)К САНДЫБАЕВА Абубакир утвердить в должности директора Заготконторы Фрунзенского РПО. Просить Обком КП(б)К и Казпотребсоюз утвердить т. Сандыбаева А. в указанной должности.

Пред. Оргбюро КПС по Ю.К.области (Харитонов)

Члены Оргбюро (Сиротин) (Ярынкимбаева) (Карасов)

Верно: [illegible]



Личный листок по учету кадров

Фамилия Сандыбаев имя Абубакир отчество Нет

1. Пол муж. 2. Год и м-ц рождения 1887 3. Место рождения (по существующему административному делению) Джулек участок Перовск. уезд Сыр-Дарьинск. обл.

4. Национальность Казах 5. Соц. происхождение: а) бывш. сословие (звание) родителей Крестьян-бедняк б) основное занятие родителей до Октябрьской революции Крестьянством, после Октябрьской революции Крестьянством

6. Основная профессия (занятие) в настоящее время, для членов ВКП(б) к моменту вступления в партию Служащий 2 года стаж ... по этой профессии

7. Соц. положение Колхозник 8. Партийность чл. партии 9. Какой организацией принят в члены ВКП(б) Туркестанский горком КП(б) ... 10. Партстаж 1927 г. III (месяц, год) № партбилета 4352336 или № к/карт. Нет

11. Стаж пребывания в ВЛКСМ с не состоял 12. Состоял ли в других партиях (каких, где, с какого и по какое время) не состоял

13. Состоял ли ранее в ВКП(б) да (да, нет) с какого и по какое время с III 1927 по 1938 причины исключения или выбытия исключен ...

14. Были ли колебания в проведении линии партии и участвовал ли в оппозициях (каких, когда) Не участвовал

15. Членом какого профсоюза состоит и с какого года Не состоит

16. Образование Низшее

| Подробное название учебного заведения (вуз, втуз, техникум, комвуз, школы и проч.) и его местонахождение | Название факультета или отделения | Дата (м-ц, год) вступления | Дата (м-ц, год) окончания или ухода | Окончил или нет | Если не окончил, то с какого курса ушел | Какую (узкую) специальность получил в результате окончания учебного заведения |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Джулекская русско-туземная школа | общ. | 1907 | 1909 | да | [illegible] | не получил |
| 2 Ташкентск. пед. курсы | [illegible] | 1919 | 1920 | | | |

17. Ученая степень (звание) 18. Имеет ли научные труды и изобретения (перечень научных трудов и изобретений с указанием по каким вопросам и где опубликованы, необходимо дать в приложении).

***Гүлнар ШАРДАРБЕКОВА,***
***Түркістан облысы бойынша саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмыс тобының төрайымы, облыстық қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архив басшысы.***

---

Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің құрылғанына 30 жыл толуы қарсаңында

# Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығы ашылды

**Жақында Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде «Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығының» салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шара ғылым саласы қызметкерлері мерекесі және университеттің 30 жылдығы аясында оффлайн және онлайн форматта ұйымдастырылды.**

Орталықтың ашылу рәсіміне университет ректоры Ж. Темірбекова, ректор өкілі Женгиз Томар, БҰҰДБ-ның Қазақстандағы тұрақты өкілі Якуп Бериш, Германия Федеративтік Республикасының Қазақстан Республикасындағы Тұрақты және өкілетті елшісі Моника Иверсон, Солтүстік Македонияның Қазақстан Республикасындағы Тұрақты және өкілетті елшісі Сали Лимани, Астана мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Бәйменов, БҰҰ-ның Қазақстандағы жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі Властимил Самек, БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы тұрақты үйлестірушісі міндетін атқарушы және ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілі Артур ван Дизен, ДДСҰ-ның Қазақстандағы елдік офисінің өкілі Ербол Спатаев, Қазақстандағы Фридрих Эберт қорының және ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Түркістан облысы бойынша филиалының өкілдері қатысты.

Жиында сөз алған ректор Жанар Темірбекова тұрақты өсу мен даму параметрлері экономиканың ең негізгі көрсеткіштері екенін атап өтті.

– 2050 жылы әлем халқының саны 9 миллиардқа жететінін ескерсек, қазіргі өсу мен өркендеуге ұмтылуымызбен қатар, болашақ ұрпаққа өмір сүруге қолайлы дүние қалдыруды да ойластырғанымыз жөн. Біз адам өмірінің қажеттіліктері мен табиғи ресурстардың тұрақтылығы арасында теңгерім жасап, болашаққа сәйкес келетін жоспарлауды жасауымыз керек.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ болашақты құрудағы рөліміз бен жауапкершілігімізді түсіне отырып, тұрақты дамуды жуырда ғана қабылданған жаңа 2026 жылға дейінге стратегиялық даму бағдарламамызда басты басымдығымыз ретінде анықтадық. Осының дәлелі ретінде Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығын ашып отырмыз, – деді ректор.

Айта кетейік, Тұрақты даму ҒЗО-ның мақсаты кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, Жер шарын қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған. 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыт таңдалды, олардың жүзеге асырылуы елімізде өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге жетелейді.

Жанар Темірбекова сөзінің соңында орталық университеттің ғана емес, аймақтың және республиканың ғылыми әлеуетін арттыруға және бәсекеге қабілетті болуына үлес қосады деген сенім білдірді.

Университетте орталықтың ашылуына орай, халықаралық ұйым басшылары мен өкілдері, саяси тұлғалар құттықтау сөзін арнады.

– Бүгін біз тұрақты даму орталығының ашылуына ғана емес, сонымен қатар басқа мекемелер үшін керемет үлгі болатын және тұрақты даму саласындағы зерттеулер мен білімнің әлеуетін дамытуға ықпал ететін институционалдық трансформацияға куә болып отырмыз, – деді БҰҰДБ-ның Қазақстандағы тұрақты өкілі Якуп Бериш.

Ол ТДМ іске асыру – бұл үкімет, үкіметтік емес сектор, бизнес және ғылыми орта сияқты барлық мүдделі тараптардың қатысуын талап ететін инклюзивті процесс екенін айта отырып, оны іске асыруда университеттердің рөлі зор екеніне тоқталды.

Солтүстік Македонияның Қазақстан Республикасындағы Тұрақты және өкілетті елшісі Сали Лимани осындай айрықша шара қатысушысы атанғанына шексіз риза екенін жеткізді.

– Ғылыми орталық ХҚТУ-дің тұрақты ғылыми білімінің берік негіздерін дамытуға өз үлесін қосатыны анық. Осындай танымал оқу орнының Солтүстік Македониядағы университеттермен сапалы және жемісті ынтымақтастығын бастау мен үшін мәртебе болмақ, – деді елші.

Ал, Астанадағы мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Бәйменов орталықтың ашылуы арқылы халықаралық университетімізбен серіктестік қарым-қатынас одан әрі нығая түсетінін айтты.

Фридрих Эберт атындағы қордың Қазақстандағы өкілі Мерейлім Каленова орталықтың ашылуы әсіресе студенттер үшін үлкен мүмкіндік екенін тілге тиек етті.

Салтанатты іс-шара барысында Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті мен Қазақстандағы Фридрих Эберт қоры өзара түсіністік жайлы меморандумға қол қойды.

– Менің ойымша, аталмыш құжат және бүгінгі басқосу түрлі іс-шаралар мен бірлескен жобалар шеңберіндегі ынтымақтастығымыздың тамаша бастамасы болады, – деді Мерейлім Каленова.

Салтанатты ашылу рәсімінің екінші бөлімі «Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің ТДМ-ын аймақта ілгерілетудегі рөлі» атты «дөңгелек үстел» мәжілісіне арналды. Оны жаңадан ашылған Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығының директоры Шемсеттин Чигдем жүргізді.

Басқосуда БҰҰДБ-ның Қазақстандағы өкілі Заур Ибрагимов, ДДСҰ-ның Қазақстандағы өкілдігінің өкілі Ербол Спатаев, Астана мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитет төрағасының кеңесшісі Махсут Утешев және Фридрих Эберт атындағы қордың Қазақстандағы өкілі Мерейлім Каленова баяндама жасап, БҰҰ ТДМ-ын жүзеге асырудағы тәжірибесімен бөлісті. Сарапшылар, әсіресе, мемлекеттік басқару, саяси сауат, сапалы білім беру, инфрақұрылым, урбанизация мәселелері туралы сөз қозғады.

***Е.ҚОЖАХМЕТҰЛЫ.***

Ойласу

# Туған тілге де тірек керек

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Ең бастысы – еліміздің егемендігі! Шын мәнінде, біз үшін Қазақстанның тәуелсіздігі бәрінен қымбат» деп атап көрсетті. Ал, мемлекетті мемлекет ететін оның тілі. Тіл жойылған жерде мемлекет те болмайды. Президентіміз бұл жөнінде айтудай-ақ айтып келеді.**

Бірақ, соны ескерер жан аз сияқты. Мәселен, біздің киелі мекен саналатын Түркістан қаласында соңғы кездері бірқатар келеңсіздіктердің куәсі болып жүрміз. Айталық, қоғамдық көліктерге міндіңіз дейік. «Народный банк» остановкасына келдік» деп хабарлайды. Осыны «Халық банкі» аялдамасына келдік» деп айтуға неге болмайды? Бір сөйлемде екі бірдей қате жіберу кімге абырой әпереді?

Жолаушыларымыздың да міні жетеді.

– Екі детский, бір взрослый билет беріңіз, – деп сөйлейтін жолаушыларды күн сайын кезіктіріп жүрміз.

Сонда «екі балалар, бір ересектер билетін беріңіз» деп сөйлеуге неге болмайды?

Болады, әрине. Бірақ, бізде құнт жоқ. Аузымыз солай қалып алып кеткен. Бұл енжарлық па әлде немқұрайлылық па? Сірә, немқұрайлылық болар.

Қай жағынан алып қарасақ та немқұрайлылық жүрген жерде шикілік болады. Біз бүгінде мемлекеттік тіл үшін, оның тазалығы үшін күресіп жүрміз. Тіліміз шетелдерден келген кірме сөздерден онсыз да былғанып жатыр. Осылай кете берсек, туған тіл тамырына балта шауып алуымыз мүмкін ғой.

Туған тіл ең әуелі өзімізге керек. Сондықтан «қалып алып кеттім» деп сылтаурата беруге болмас. Біз барлығымыз жұмылғанда барып туған тіліміз тазарады. Осыны ұмытпайық.

*Нұрділда ЖҮСІПОВ.*
*Түркістан қаласы.*

Ойласу

# Хат тасушының еңбегін бағалап жүрміз бе?

**Жасырып жабатыны жоқ, қазір қалтасынан қаржы шығарып жазылған басылымдарын халық дер кезінде ала алмай жүрген жайы бар. Оған себеп – хат тасушының (почтальон) тұрақтамауы. Бүгін біреуі, шамалы уақыттан соң екіншісі ауысып жатады. Ол үшін оларды кінәлаудың орны жоқ. Айлығы шайлығына жетпесе, жағдайы көңіл көншітпесе басқа жұмысқа ауысып кетпегенде қайтеді?**

Нарықтық қатынастар өмірімізге енген алғашқы кезеңде хат тасушылардың айлығы небәрі бір жарым мың теңге болғанын білуші едік. Одан бері де жағдайдың түзелгені шамалы. Естуімізше, олардың қазіргі жалақылары 40-45 мыңның төңірегінде көрінеді. Осыдан кейін байланыс бөлімшелеріне хат тасушылар қайдан тұрақтана қойсын?

Көтеріп отырған мәселеге байланысты төмендегі жайдың ойға түсіп отырғаны. Мектепте оқитын кезіміз. Балалық қызығушылық па, әлде әдебиет пәнінің мұғалімі Мүсілхан ағайдың әсері болар, сол кездегі «Қазақстан пионері» газетіне мектеп өмірі жайлы хабар, мақала жазып тұратынбыз. Хатты пошта жәшігіне апарып салғаннан кейін екі көзіміз күні бойы хат тасушыны күтумен болады. Ол уақытта газет-журналдар мен хаттарға толы сөмкесін арқалаған хат тасушы әр үйге күнде келер еді. Қалыптасқан әдетімізге бағып, кейіннен қызметке тұрған тұста да хат тасушыны тағатсыздана күтетін әдетімізден айныған емеспіз.

Теріскей елінде кезінде Түйеші Смайылов деген хат тасушы болды. Оны ауылдың кәрі-жасы түгел танитын. Шаршау дегенді білмейтін, өз ісіне жан-тәнімен берілген жан еді. Редакцияға күнде келетін. Оны айтасыз, бар болғаны бір хатқа бола соны иесіне күн-түн демей жұмыс орнына не болмаса үйіне ерінбей апарып бергеніне мына менің өзім талай куә болғанмын. Кейіннен әлгі Түйеші ағамызды Маржан Елікбаева есімді азаматша алмастырды. Ол да адал қызметінің арқасында көпшіліктің алғысы мен құрметіне бөленді. Әлденеше мәрте сол кездегі аудандық, ауылдық Кеңестердің де депутаты болып сайланды. Сол хат тасушы Маржан бұл күнде еңбегінің зейнетін көріп отырған аяулы әже, немерелерінің ортасында бақытты өмір сүріп жатыр.

Біздің ойымызша, қазір қадірі кетіп тұрған хат тасушының беделін көтеру ісін бүгін қолға алмасақ, ертең кеш болады. Біріншіден, олардың айлық жалақыларын көбейту керек. Қажет жерінде велосипед, самокат сияқты көлікпен қамтамасыз етсек те артықтық етпейді. Сонда ғана жазылған газет-журналдарын тұрғындар уақтылы алып тұрар еді.

Күнделікті көріп те жүрміз, жұрт газет-журнал оқудан қалып барады. Бұрындары қаланың кез келген жерінде тұратын дүңгіршектердің жұқанасы ғана қалды. Ал, аудан орталықтарында бірлі-жарым, бары жекенің қолында. «Сайттан оқиды ғой» дейтіндер де табылар. Келісеміз, бірақ оған адамдар толық дайын ба еді?

Өркениетті деп жүрген көптеген елдердің өзінде күнделікті газеттер миллиондаған таралыммен шығып жатқандығын ел біледі. Соған қарағанда газет керек болғаны ғой. Ендеше, технология дәуірі деп жүргенімізбен, бізге әлі де болса газет-журналдар ауадай қажет. Сондықтан оларды оқырмандарына жеткізетін хат тасушылардың да еңбегін бағалай білгеніміз жөн демекпіз сөз соңында.

*Кәрібай ӘМЗЕҰЛЫ,*
*журналист.*
*Созақ ауданы.*

Редакцияға арнайы келді

# Бөленің басы бағана болмасын

**«Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакциясына Бәйдібек ауданы, Ағыбет ауылдық округіне қарасты Алғабас елді мекенінен Озатбек Айгөбек есімді азамат арнайы келді. Қолында ауыл тұрғындарының аманат-хаты бар. Хатта былай делінеді:**



«2019 жылдың қараша айында ауылымызға ауыз су құбыры тартыла бастады. Мердігерлер «енді бұл су құбырын елу жыл пайдалана аласыздар» деп бір қуантып тастады. Бірақ, ұңғыма белгіленген тереңдікте қазылмады. Ұңғыма қазылған жер қоршалып, Наурыз алаңына және балалар бақшасына баратын жол жабылды. Қожабек бұлағы аталатын көше бойымен ұңғымаға дейін жоғарғы кернеулі электр желісі жүргізілді. Бірақ, осы көшеге орнатқан бағаналар бүгінде өз салмағын көтере алмай қисайып тұр. Бұл онсыз да тар көшені тарылтқанымен қоймай, көліктердің жүруіне де кедергі келтіруде. Бағаналар бір сызықтың бойына түзу орналасуы керек қой. Біздің көшедегі бағаналар қисық орналасқан әрі арақашықтығы бірдей емес. Өткенде қатты жел тұрғанда тал-теректер жоғары кернеулі бағаналарға құлап, тұрғындарға қауіп төндірді. Оның үстіне тартылған сымдар ілмектерінен шығып кетіп те жатады. Осыны көріп, ауыл адамдары шулап жүріп, бағанадағы токты ажыратып едік. Бірақ, әлі де қауіп көп.

Одан да қызығы, «ауылға ауыз су берілді» деп лентасының қиылып қойылғаны.

Бүгінде алғабастықтар темірбетон электр бағаналары қашан құлап кетеді деп үреймен күн кешіп келеді. Осы жанайқайымызды аудандағы тиісті басшыларға талай рет айттық та. Бірақ, әзірге зарымызды тыңдайтын құлақ болмай тұр. Сонда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» дегеніміз қайда?»

Иә, Ағыбет ауылдық округінен келген азамат осылай дейді. Біз мұның жауабын Бәйдібек ауданындағы тиісті сала басшыларынан күтеміз.

Алғыс

# Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек!

**Мен Шымкенттегі Абай ауданына қарасты Қызылжар ауылында тұрамын. Осындағы құс фабрикасын Әбілқасым Досболов ағамыз басқарып тұрғанда еңбек етіп, тұрақты жалақымызбен қатар баспаналы болдық. Тіпті, үйімізге керек-жараққа өтініш берсек болды, барлық қажеттілікпен қамтамасыз етіп отыратын. Өзіміздің шағын клубымызда жиналыс, кино мен концерттер күн құрғатпай өтіп жататын. Бір сөзбен айтқанда, «қағанағымыз қарқ, сағанағымыз сарқ» өмір сүрдік.**

Енді сол үйлер жекеменшікке берілгесін қоқыс, ауыз су, канализация деген проблемалар пайда болды. Ең қиыны – өрге қарай қайта жүргізілген канализацияның 10-15 күн сайын толып қалып, бірінші қабаттағы үйлердің ішіне көтеріліп кететіні. Оны тазалау үшін айына кемінде екі рет 70-80 мың теңге төлеп, арнайы қызмет мамандарын шақырамыз. Онда да тұрғын үйдің бірінші қабатында тұратындар ақша шығарып әуре болып жүрсе, екінші, үшінші қабаттағылардың көбісі саусағын да қимылдатпайды. Ал, канализацияның исіне тұншыққан біз ай сайын 150 мың теңгені қайдан таба берейік? Әбден титықтап біткен едік.

Енді не істейміз деп жүргенімізде, бізге Құдайдың өзі қарасып, Ғалым Абдраимов, Мұрат Мүтәлиев сияқты кеңпейіл азаматтарды жіберіпті. Олар осынау канализацияны тазалайтын техникаларымен келіп, проблемамызды тегін шешіп беріп жүр. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, осындай сәтте көмек қолын созған жігіттердің мұнысы – нағыз азаматтыққа тән іс. Әйтпесе, қазір кей адамдар тегін көмектеспек түгілі алдап, екі есе шығынға батырып кетеді ғой. Осындай азаматтардың ісіне қарап тәубаға келуіміз қажет-ақ.

*Сайын БАЙҚОНЫСОВ.*
*Шымкент қаласы.*

Пікір

**Қазақтың ұлттық тағамдары аз емес. Бірақ оны біз күнделікті тұтынып жүрміз бе? Асылған ет, қуырдақ, құрт-май, бауырсақты күнделікті тұтынамыз, әрине. Ал, өзге тағамдарды ше? Мәселен, дәмі тіл үйіретін балқаймақты, жентті, тортаны, мипалауды т.б. дастарқан мәзірінен сирек көреміз. Біздің ауданымыздан қазақтың ұлттық тағамдарын әзірлейтін дәмхана таппайсыз. Кейде қымыз, қымыран ішкіміз келіп, аңсарымыз ауатыны бар. Бірақ, осындай ұлттық сусын сататын асхана немесе кафе жоқтың қасы.**

# Ұлттық тағамдарымыз ұмыт қалмасын...

Осыдан біраз жыл бұрын Жетісай қаласындағы үлкен көпірдің жанынан дәмхана ашылды. Дәмхана жанынан киіз үйлер тігілген еді. Ішіндегі ұлттық жиһаздар көздің жауын алатын. Бірақ, мұнда қазақтың ұлттық тағамдары аз еді. Дастарқан мәзірінде санаулы тағамдар ғана болды. Сондай-ақ, Асықата кентінен де ұлттық стильде үлкен кафе ашылды. Онда түскиіз, алаша-сырмақ, құрақ көрпешелер, көненің көзіндей сандық, кебеже, асадал қойылды. Алайда, мұнда да көпшілікке ұлттық тағамдар ұсынылмады.

Ұмыт болып бара жатқан қазақтың ұлттық тағамдарын әзірлейтін, заманауи үлгідегі асхана, кафе, тойханалар ашылса, халық қуана барар еді деп ойлаймыз. Балқаймақ, дәмді бауырсақ, тары қосылған күрең шайды кім ішкісі келмейді?! Қазақтың ұлттық тағамдарын еуропалық үлгідегі мейрамханаға сай етіп әзірлесек ұтылмас едік...

*Олжас ҚАЛДЫБАЙ.*
*Атакент кенті.*

Реніш

# Ескертуді елер емес

**Біз Мырзакент кентіндегі Тайғанов көшесі бойында көп қабатты үйде тұрамыз. Аулада арнайы қоқыс жәшіктері қойылған. Бірақ кейбір жауапсыз тұрғындар қоқыс пен жуындыны қалай болса солай төгіп кетеді.**

Бұл туралы осында тұратын тұрғындарға талай рет ескертіп те, ұялтып та айттық. Алайда ешбір нәтиже шығар емес. Сол себепті, енді қоқыс жәшіктері маңына бейнебақылау камераларын орнатып, кінәлі азаматтарды анықтап, тәртіптік шара көрілуін талап етуден басқа амалымыз қалмады. Қоқысты жәшікке сұрыптап тастау керек. Ал сұйық жуындыны төгетін арнайы контейнер қою қажет.

Сондай-ақ, көп қабатты үйлер айналасын асфальттап, арықтарды бетондап, суағар жасауды қолға алмаса болмайды. Жылда көктемде үйлердің айналасын су басып кетеді. Кенттегі ирригациялық жүйені де ретке келтіретін кез келді.

*С.ДҮЙСЕНОВА,*
*Мырзакент кентінің тұрғыны.*

Баспана

# Тұрғын үй несиесі өте тиімді

## *Сіз қайсы бағдарламаны қалайсыз?*

### «7-20-25» бағдарламасы

Бұл бағдарламамен тек жаңа үйлер беріледі. Тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатқан кезде брондап қою керек. Ипотека алушының атында жылжымайтын мүлік, несие болмауы керек, несие тарихы жақсы болуы керек, кемінде 6 ай зейнетақы түсімдері тұрақты түсуі керек.

Бастапқы жарна – пәтер құнының 20%-ы, банк мөлшерлемесі – 7%, несие мерзімі – 25 жылға дейін.

Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Атырау, Шымкент қалалары үшін тұрғын үйдің ең жоғары құны – 25 млн. теңге, Қарағанды үшін – 20 млн. теңге, басқа өңірлер үшін – 15 млн. теңге. Айта кетейік, бұл бағдарламамен Қазақстандағы барлық дерлік екінші деңгейлі банктерден ипотека алуға болады.

Бүгінгі таңда бұл бағдарлама бойынша «ЦКБ», «Сбербанк», Halyk Bank, Jusan Bank, Forte Bank, RBK Bank, Altyn Bank, «Еуразиялық банк» жұмыс істейді.

### «Нұрлы жер» бағдарламасы

Мұнда да жаңа тұрғын үй алу керек. Бастапқы жарна – 20%, мөлшерлемесі – 5%, мерзімі – 25 жылға дейін. Отбасының әрбір мүшесінің табысы айына ең төменгі күнкөріс деңгейінен (2022 жылы 133,2 мың теңге) жоғары болмауға тиіс. Бағдарламаға әкімдікте тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар ғана қатыса алады.

### «Бақытты отбасы» бағдарламасы

Көпбалалы, толық емес және мүгедек балалары бар отбасы ретінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға арналған бағдарлама. Бастапқы жарна – 10%, мөлшерлеме – 2%, мерзімі – 18 жылға дейін. Несиенің ең жоғары сомасы өңірге байланысты 10 – 15 млн. теңгеге дейін.

Бағдарлама арқылы жаңа немесе қайталама нарықтарға үйлерді алуға болады. Талап бойынша отбасының әр мүшесінің соңғы алты айдағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен (2022 жылы 111,6 мың теңге) аспауға тиіс.

### «Әскери баспана»

Бұл – құқық қорғау органдарының, ішкі істер және арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін жеңілдетілген ипотека. Несие мөлшерлемесі – 3,5%-8%-ға дейін. Тұрғын үйді Қазақстанның кез келген қаласынан сатып алуға болады.

### «Жас отбасы» бағдарламасы

Бұл – аты айтып тұрғандай, жас отбасыларға арналған ипотека. Несие мөлшерлемесі – 6%, мерзімі – 9 жылға дейін, қарыз сомасы – 90 млн. теңгеге дейін. Жаңа және қайталама нарықтағы үйді, жер учаскесін алуға болады. Несие алу үшін ерлі-зайыптылардың кемінде біреуі «Отбасы банкінде» жаңа депозит ашып, оған кем дегенде бір жыл ақша жинауы керек. Депозитті ашу кезінде некеге тұрғанына бес жылдан аспауы керек.

### «Өз үйім» бағдарламасы

Бұл – «Отбасы банкінің» жеке бағдарламасы, шотында кемінде 500 мың теңгесі бар кез келген адам қатыса алады. Бастапқы жарна 20%-дан бастап, несие мерзімі – 25 жылға дейін, мөлшерлеме – 3,5%-7%-ға дейін, қарыз сомасы 90 млн. теңгеге дейін. «Өз үйімнің» артықшылығы – құрылысы жүріп жатқан тұрғын үйдің үлескері болып немесе салынып жатқан нысаннан үй таңдап сатып алуға болады. Несие алатын адамнан тұрақты тіркеу талап етілмейді және меншігіндегі тұрғын үй санына шектеу жоқ.

**Тұрғын үй бағдарламалары**

| Бағдарлама атауы | Бастапқы жарна | Несие мөлшерлемесі | Несие мерзімі | Несие көлемі |
|---|---|---|---|---|
| «Өз үйім» («Отбасы банкі») | 20% | 3,5 – 7% | 6 ай – 20 жыл | 90 млн. тг дейін |
| «Нұрлы жер» | 20% | 5% | 25 жылға дейін | Baspana.kz сайтындағы кез келген сомадағы үй |
| «Бақытты отбасы» | 10% | 2% | 18 жылға дейін | 10-15 млн. тг |
| «Әскери баспана» | 15 – 50% | 6 – 8% | 25 жылға дейін | 90 млн. тг дейін |
| «Жас отбасы» | 50% | 6% | 6 – 9 жыл | 90 млн. тг дейін |

**Банктердегі ипотека шарттары**

| Банк атауы | Бастапқы жарна | Несие мөлшерлемесі (ГЭСВ) | Несие мерзімі |
|---|---|---|---|
| Halyk Bank | 20%-дан бастап | 15%-дан бастап | 20 жыл |
| «Фридом Финанс» банк | 20%-дан бастап | 14%-дан бастап | 15 жыл |
| БЦК | 20%-дан бастап | 15.5%-дан бастап | 15 жыл |
| «Нұрбанк» | 35%-дан бастап | 17%-дан бастап | 20 жыл |
| Altyn Bank | 20%-дан бастап | 16%-дан бастап | 20 жыл |
| «Сбербанк» | 10-20%-дан бастап | 17.2%-дан бастап | 20 жыл |
| RBK | 30%-дан бастап | 18.3%-дан бастап | 15 жыл |
| Ислам банкі | 30%-дан бастап | жоқ | 15 жыл |
| «Отбасы банкі» | 50%-дан бастап (3 жыл жинау қажет)<br>50%-дан бастап | 5.2%-дан бастап<br>7.4%-дан бастап | |

### Ипотека аларда нені ескеру керек?

- Кез келген банктен ипотека аларда несиенің шарттарына ғана емес, оны ресімдеу қызметінің ақысын да ескеруді ұмытып кетпеңіз. Себебі, кей банк қызметі үшін комиссия алуы мүмкін.

Комиссия түрлері:

– өтінімді қарау ақысы 5 мың теңгеден басталуы мүмкін;

– несиені ресімдеуге қарыз сомасының 1-2%-ы алынуы мүмкін;

– кейбірі несиені ұйымдастыру және ресімдеу үшін комиссия алмайды.

Заң бойынша комиссия жылдық сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде ескерілуге тиіс. Егер банк басқа қандай да бір комиссия ұсталатынын айтса, мұндай несиеден бас тартқан абзал. Себебі, несиеге өтінімді қарауға немесе рәсімдеуге төленетін бір жолғы комиссия қарыз шартында жазылмайды және бөлек төленеді.

Тұрғын үй құнын бағалау және сақтандыру міндетті. Ондай қызмет көрсететін компанияны өз еркіңізбен таңдауға құқығыңыз бар.

Ипотекаға өтініш бермес бұрын, бұрын алған несиелеріңізді өтеңіз. Жиынтық төлем табысыңыздың 50%-ынан аспауға тиіс. Әйтпесе банк ипотека бермейді.

Банктердің шартын мұқият оқыңыз. Оның ішінде: пайыз мөлшерлемесі және несие шарты. Аз пайыздық мөлшерлеме әрдайым тиімді бола бермейді. Сол үшін бірнеше банкті салыстырыңыз.

Несие мерзімі неғұрлым ұзақ болса, артық төлем соғұрлым көп қосылады. Оңтайлысы – 10-15 жыл.

Айта кетейік, қазір Қазақстандағы инфляция деңгейі – 8,5%.

***Дайындаған С.МӘТҚАЛИҰЛЫ.***

Кәсіподақ тынысы

# Еңбек қауіпсіздігі елемейтін мәселе емес

Таяуда «Төлеби аудандық балалар кітапханасы» ғимаратында «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша әлеуметтік диалог» тақырыбында «дөңгелек үстел» мәжілісі ұйымдастырылды. Жиын мақсаты – әңбек заңнамасы, әлеуметтік диалог, еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша тәжірибе алмасу.

Іс-шараға «Түркістан облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі төрағасының орынбасары Айдар Бақтыбаев, аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің бас маманы Ерлан Жандарбеков, «Төлеби аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Светлана Шишкина, бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Галина Ашурбекова мен кәсіподақ активі қатысты.

Кәсіподақтар бірлестігі төрағасының орынбасары Айдар Бақтыбаев өз сөзінде еңбекті қорғау және еңбек мәдениетін көтеруде кәсіподақтардың әлеуметтік әріптестермен бірігіп жұмыс істеуінің маңызды екендігін атап өтті.

Өз кезегінде сөз алған Ерлан Жандарбеков еңбек қауіпсіздігі мәселесіне тоқталып, кітапхана ұжымына еңбек жағдайлары және оны қорғау шаралары жайлы әңгімеледі.

Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Галина Ашурбекова кітапхананың тыныс-тіршілігіне, атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала келе, әлеуметтік серіктестіктің маңыздылығына мән берді, бастауыш кәсіподақ ұйымының ұжымдағы рөлінің ерекше екендігін айтты.

«Дөңгелек үстел» мәжілісіне қатысушылар аталған тақырып бойынша өз ойларымен бөлісті.

***«Оңтүстік»-ақпарат.***

Жемқорлық – жегі құрт

# Қоғамдық бақылаудың маңызы зор

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келеді және бұл істің қарқыны бәсеңдеген емес. Президенттің қадағалауындағы бұл мәселе мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды десек қателеспейміз. Елімізде коррупцияның алдын алу мақсатында көптеген іс-шаралар қолға алынып, ауқымды жұмыстар атқарылды. Атқарылған істердің нәтижелері жоқ емес, біраз істің беті ашылып, жолы да кесіліп жатыр.

Дегенмен, жең ұшымен жалғасқан бұл қылмысты түп-тамырымен жойып жіберу, өкінішке қарай, мүмкін болмай тұр. Тамыры терең жатқан сыбайлас жемқорлық, әсіресе, білім ошақтары мен ауруханаларда, мемлекеттік қызмет органдарында жиі кездеседі. Сондықтан да жемқорлыққа қарсы негізгі іс-шараларды дәл осы орындарда жүргізіп, оның тиімді атқарылуына ерекше көңіл бөлген жөн. Жоғары оқу орындарында студенттерден ақша алу, ауруханаларда науқастарға тегін берілуі тиіс дәрі-дәрмекті сату, операцияларға заңсыз қаржы талап ету сияқты оқиғалар әлі де болса кездесіп қалатыны жасырын емес. Бұл жерде көп мәселе халықтың азаматтық белсенділігі мен құқықтық сауаттылығына да байланысты екенін айта кеткен жөн. Егер сізден пара талап етсе немесе пара беруге мәжбүрлесе, онда дереу құқық қорғау органдарына шағымданыңыз. Тіпті, қазір халыққа қызмет көрсететін әр ұйым мен мекемеде сенім телефондары жұмыс істейді, сол телефондарға хабарласып, әлгі фактілерді баяндасаңыз, елімізде сыбайлас жемқорлықтың азаюына аз да болса үлес қосқан болып табыласыз.

***Фатима ЕШТАЕВА,***
***№17 балалар бақшасының меңгерушісі.***
***Шымкент қаласы.***

# Кәсіби білімді шыңдау – заман талабы

XXI ғасыр жаһандану ғасыры болғандықтан бүгінде заман талабына орай білім беру бағдарламасына тың өзгерістер көптеп ендірілуде. Сондықтан қызығы мен қиындығы қатар жүретін мамандықты игерген ұстаздар қауымы үнемі ізденісте болуы тиіс. Себебі, ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин айтқандай, «Мұғалім мектептің жүрегі». Ал, мектептің жүрегіне айналып, жақсы ұстаз болу үшін әрдайым жаңашылдыққа бет бұрып отыру қажет. Бұл – жаһандану ғасырының жаңа талабы. Болашақ заңгер мен дәрігерге, инженер мен ұшқышқа, тағы да басқа мамандық иелеріне дұрыс бағыт-бағдар, сапалы білім мен саналы тәрбие беру мұғалімдердің міндеті. Осы мақсатта әрбір мұғалімге тәжірибесі мен білімін шыңдап отыру аса маңызды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институты ұстаздардың біліктіліктерін арттыру жолында орасан зор еңбек етіп келеді. Биыл «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының филиалдары өңірлік білім беру ұйымдарының барлық пәндері бойынша педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған біліктілікті арттыру курстарын офлайн негізде өткізіп жатыр. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының төрағасы Әсел Мұхамеджановаға және филиал директоры Лаура Ысқақоваға педагогтардың жан-жақты білім алуына қолайлы жағдай жасағандары үшін үлкен ризашылығымызды білдіреміз.

Оқытуы қазақ тілінде емес орта білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің педагогтарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні педагогтарының кәсіби құзіреттілігін дамыту» тақырыбындағы педагогтардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының авторы – Нұрлыбаева Жанат Лесбекқызы: «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бағдарламасына біршама өзгерістер мен толықтырулар енгізілетіндігін айтып, бағдарламаны дұрыс меңгерген ұстаз ғана баланың жан-жақты дамуына ерекше әсерін тигізеді» дейді. Курс барысында білімді де білікті тренердің дәрістерінен өзіміздің пәндік және кәсіби құзыреттілігімізді шыңдап, тәжірибемізді дамыта алдық.

Педагогтардың пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту аясында еңбек етіп, білім саласындағы жаңашылдықтардың жаршысы болып жүрген «Өрлеу» біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы алдағы уақытта да заман талабына сай педагогтардың біліктіліктерін арттыру курстарын жоспарлайды деген сенімдеміз.

***Шәмшат ӘБДІҚҰЛОВА,***
***С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.***
***Ордабасы ауданы.***

## ХАБАРЛАМА

«Karabulak-Agro» Кредиттік серіктестігі» ЖШС 2022 жылдың 3 мамырында құрылтайшылардың жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.

Жиналыстың өтетін орны: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылы, Ұлықбек көшесі, №31а үй.

Жиналыстың басталатын уақыты: сағат 10.00.

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Кредиттік серіктестіктің қатысушыларының өз арыздары бойынша құрамнан шығару, кейбір қатысушылардың жарғылық капиталдағы үлестерін ұлғайту, кеміту және серіктестіктің құрамына жаңадан қатысушы болып кіремін деген үміткерлердің берген арыздары туралы;
2. Кредиттік серіктестіктің құрылтайшыларының арасында несие лимитті бөлу;
3. «Аграрлық несие корпорациясы» ДБ АҚ Сбербанкте кепілдегі депозитте тұрған жарғылық қордың ақшасын басқа банкке ауыстыру және кепілге қою;
4. Кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттарын қайта тіркеуден өткізу.

## МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

Қайтыс болу туралы анықтама негізінде (қайтыс болу туралы актілерді тіркеу кітабында 2021 жылы 16 қарашада №20-731-21-0000997 санымен тіркелді, 2021 жылы 12 қарашада қайтыс болды) марқұм Бектемирова Керимкул Алтынбековнаның дүние-мүлкіне Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Байбұрт көшесі, 1 мекенжайы бойынша орналасқан нотариус Аймбетов Арман Сериковичте мұрагерлік ашылды.

## МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

Қайтыс болу туралы анықтама негізінде (қайтыс болу туралы актілерді тіркеу кітабында 2020 жылы 26 маусымда №20-730-20-0000507 санымен тіркелді, 19.06.2020 жылы қайтыс болды) Турсыметов Набиханның дүние-мүлкіне Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі, Ы.Алтынсарин көшесі, 8 мекенжайы бойынша орналасқан нотариус Байболова Жанбота Бердуахасовнада мұрагерлік ашылды.

## МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

Қайтыс болу туралы №1104566 куәлік негізінде марқұм Юлдашев Румханның дүние-мүлкіне Түркістан облысы, Түркістан қаласы, С.Ерубаев көшесі, 199 «Л» ғимараты мекенжайы бойынша орналасқан нотариус Айдарбекова Перизат Аблашовнада мұрагерлік ашылды.

## МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

Қайтыс болу туралы анықтама негізінде (қайтыс болу туралы актілерді тіркеу кітабында 2022 жылы 14 наурызда №20-737-22-0000067 санымен тіркелді, 05.03.2022 жылы қайтыс болды) Умаров Сиддиктің дүние-мүлкіне Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі, Ы.Алтынсарин көшесі, 8 мекенжайы бойынша орналасқан нотариус Байболова Жанбота Бердуахасовнада мұрагерлік ашылды.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұжымы және спорт саласы мамандары осы басқарманың маманы Адамбеков Бекжан Пернебайұлына бауырлары

**БАУЫРЖАН мен НҰРЖАННЫҢ**

қайтыс болуларына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Өнегелі өмір

# Мен досыммен мақтанамын

**Адамзат өміріндегі ең ұлы сезімдердің бірі – достық екені белгілі. Ес біліп, етек-жеңді жинаған кезден, жан-сезіміңді ұғатын, сырыңды ашып сырласатын жан іздей бастайсың. Бастапқыда ойынға серік, ойыншықтарыңмен алмасатын, балабақшаға бірге барып қайтатын серіктестік сезімнен бастау алатын ұлы достық туралы толғанудың реті келіп тұр. Олай дейтінім, адал досым, ел мақтанышы – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Кәрімбек Арыстанбекұлы ҚҰРМАНӘЛИЕВ асқаралы алпыс жастың белесіне көтеріліп отыр.**

Досым жайлы жазу маған әрі оңай, әрі қиын. Оңай болатыны, бала Кәрімбек пен академик Құрманәлиевтің өсу жолдары менің көз алдымда өтіп жатыр. Мен білмейтін сырымыз да, жырымыз да жоқтың қасы десем де болады.

Ал, қиын дейтінім, елді елдікке, мемлекетшілдікке, ынтымақ-бірлікке шақырып, ұлттық құндылықтарды ұлықтап, жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу, сапалы біліммен қамтамасыз ету, ел ғылымын дамыту мен мемлекеттік тіл мәртебесін арттыру жолындағы халыққа қалтқысыз қызметін қаз-қалпында елге жеткізу.

Десек те, өзіміздің өре деңгейімізде досымның бедел биігінен көрініп, ұлт мақтанышына айналу жолдарына аз-кем тоқталуды жөн көрдім.

«Қанша мықты болса да, тартпай қоймас негізге» дегендей, досымның әкесі Арыстанбек көкем мен Төлбасы апамыз халқы қадірлеген жандар болатын. Олай дейтінім, әкем Ағабек: «Арыстанбек Құрманәліұлы Оңтүстік Қазақстан өлкелік Кеңесінің депутаты, аудандық партия комитетінің мүшесі кезінде елдің сөзін билікке жалтақтамай жеткізіп, турашылдығымен, әділдігімен әйгілі болған еді» деп айтып отыратын.

Жалпы, Арыстанбек көкемнің балаларының бәрі әкесіне тартып, бет-жүзіне қарамай, шынның жүзіндегі шындықты шырылдатып айтып, елдің құрметіне айналып отырғанын айтсам артық болмас. Кәрімбек досымның газет-журналдарда, телеарналарда: «Ыстық көжені – ыстық көже, суық көжені – суық көже дейтін академикпін» деп министрлердің жұмысына дейін сын айтатынын, сондай-ақ туған інісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор Қалдыбек Құрманәлі: «Жұрт не десе де, өзі біледі! Бірақ, мен әкемнің қанымен берілген тек шындықты айтатын мінезімді өзгерте алмаймын» деп еліміздің саяси-қоғамдық өміріне белсене араласып, ән мен әнші, өнер жұлдыздары жайлы кез келген адам айтуға тәуекел етпейтін жайларды жайып салғанынан жұрт жақсы хабардар деп ойлаймын. Бала-шағама, туыс-бауырға, құда-жекжаттарыма досымның үлгі етер қырларын айтудан жалыққан емеспін.

Солардың ішінде өнеге ететінім – Кәрімбектің үздіксіз ізденетіндігі, үздік оқығаны. Кластастарынан оқ бойы озып шығып, мектепті «күміс» медальмен бітіріп, кеңестік кезеңде кез келгенге бұйыра бермейтін Алматы шетел тілдері институтын қызыл дипломмен, сондай-ақ Ұлттық Ғылым академиясы Тіл білімі институтының аспирантурасын «Түркі тілдері (қазақ тілі)» мамандығы бойынша мерзімінен бұрын «үздік» белгімен тәмамдағанын талайларға айтқанымда бойымды ерекше бір мақтаныш сезімі билейтіні өз алдына бөлек әңгіме.

Тағы бір қасиеті – көпшілдігі, ашықтығы, елдің қамын ойлап, жұрттың жағдайын жасап жүретін жайдары мінезі. Қазақстандағы тұңғыш жекеменшік жоғары оқу орны «Қайнар» университетін құрушылардың бірі ретінде елге жасаған жақсылығын жұртшылық әлі жыр қылып айтып жүр. 1992 жылы өсіп-өнген туған ауылы Алғабас ауданынан кезінде өзі сияқты үздік бітірген түлектер арасында конкурс өткізіп, «Шаян» корпорациясының президенті, меценат, марқұм Әбілдәбек Шардарбекпен келісімшарт негізінде 10-15 түлекті жеңілдікпен университетке қабылдатқанын аудан халқы әлі ұмыта қойған жоқ. Туған ауданының қаншама ұл-қыздарының ұлттық тәрбие ұстаханасы – Қазақтың ұлттық қыздар педагогикалық университетінде, Абылай хан атындағы әлем тілдері және «Қайнар» университеттерінде оқуына демеушілік жасап, Бәйдібек ауданын жоғары білімді кадрлармен қамтамасыз ету ісіне ерекше атсалысқанын мен ғана емес, көпшілік айтып жүргенін замандастарымыз жақсы біледі.

Сондай-ақ, өзі туып-өскен ауданның оқушылары замана талабынан қалып қоймасын деп өзі жазған «Қазақша-орысша-ағылшынша тілдескіш», «Шет тілдерін үйренейік», «Неміс тілі», «Қазақша-орысша-немісше-ағылшынша төрттілдік тілдесім», тағы басқа да оқулықтар мен оқу құралдарының тұңғыш оқырмандары да туған ауылдың оқушылары болатын. Академиктің кітаптары біздің үйдің төрінен табылып, аудандық оқу бөлімі арқылы мектептерге таратылатын.

Бәйдібек ауданынан шыққан ҚР Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш академигіне «Бәйдібек ауданының құрметті азаматы» атағының берілуі де халықтың ғалымға берген бағасы деуге әбден болады. Осы жерде досымның адалдығы туралы айтудың реті келіп тұр. Мен оған жақында «саған аудан мәслихаты атақ берейін деп жатыр» деп айтқаным сол еді, дастарқан басындағы әңгімені кілт үзіп, «тұр, әкімге барамыз» деді. Мен тығыз шаруасы бар шығар деген оймен, «не үшін?» деп те сұрамай, соңынан ердім. Аудан әкімі Райымбек Жолдасов жылы шыраймен қарсы алды. Аз-кем жөн сұрасқаннан кейін Кәрімбек: «Райымбек көке, жаңа естідім, менің азын-аулақ еңбегімді ескеріп, «Ауданның құрметті азаматы» атағына кандидатурамды ұсыныпсыздар. Әрине, ол үшін көп рахмет! Бірақ, ширек ғасыр ауданның электр тарату жүйесін басқарып, халық құрметіне бөленіп, ел арасында «Шырақ» лақап атымен қоса аталатын Мұхан досымды да ұсынсаңыз нұр үстіне нұр болар еді. Мен де министрлікте басшылықта болған адаммын, «берілген квота санынан асып кете алмаймыз ғой» деп уәж айтсаңыз, онда менің квотамды Мұханға беріңіз» деді. Аудан әкімі «мәселе мәслихатта қаралып қойды, биыл үлгермейміз. Келесі жылы ұсынысыңызды міндетті түрде қарастырайық» деді. Осы уағдаластықпен тәтті тарқастық. Кейіннен маған да «Құрметті азамат» атағы берілді. Айтайын дегенім, тек Кәрімбектей адал дос қана осындай қадамға бара алатындығы. Бұл да өнеге етерлік жағдай емес пе?!

Академиктер, университеттердің профессор-оқытушы құрамы білмесе, жалпы көпшілік біле бермейтін тағы бір досым жайлы жаңа ақпаратты оқырмандарға жеткізгім келеді. Кәрімбек досым 34 жасында – Қазақстандағы ең жас профессор, 49-да тіл білімі бойынша ҚР Ұлттық Ғылым академиясының ең жас академигі атанған.

Айта берсек, ауыз толтырып айтатын жәйттер жетіп артылады. Бірақ, жоғары білім беру саласының құрметті қызметкері, қазақстандық ғылымды дамытуға еңбек сіңірген қайраткер, тіл ғылымының дарабозы, 6 монографияның, университеттерге арналған 4 оқулықтың, 15 оқу, оқу-әдістемелік құрал мен 100-ден астам ғылыми еңбектің авторы Кәрімбек Арыстанбекұлы туралы кеңінен көсілуге шағын мақала көлемі көтере алмасы анық.

Ендеше, «Парасат», «Құрмет» ордендері мен көптеген медальдардың иегері – менің досым сияқты бедел биігінен көрініңіздер, құрметті оқырмандар!

Мақтанар достарыңыз мол болсын!

Ал, мен досыммен мақтанамын...

***Мұхан АЙНАҚОЖА,***
***Қазақстанның еңбек сіңірген энергетигі,***
***Бәйдібек ауданының құрметті азаматы.***

18 сәуір – халықаралық ескерткіштер және тарихи-мәдени орындарды қорғау күні

**Жалпы, ескерткіш дегеніміз — халқымыздың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Тарихи-мәдени ескерткіштердің жиынтығы мұражайлық заттар мен жылжымайтын ескерткіштерді қамтиды. Ал, ортақ типологиялық белгілері бойынша ескерткіштер тарихи ескерткіштер, сәулет өнері ескерткіштері, монументтік (мүсін) ескерткіштер болып бөлінеді. Сондай-ақ, ескерткіштерге тарихи-танымдық немесе тарихи көркем құндылығы бар жазбаларды да жатқызуға болады. Оған адамзаттың көне заманнан бастап күні бүгінге дейінгі дамуы жолындағы түрлі саладағы аса маңызды жетістіктерінің ерекше қайталанбас заттық-рухани үлгі нұсқаларын жатқызамыз.**

# Ескерткіштер – ел тарихы

Адам өміріндегі оқиғаларды, белгілі бір елдің, халықтың басынан кешкен тарихи кезеңін еске түсіретін құндылықтарды, қастерлі мұраларды ескерткіш деп атау да қалыптасқан. Олардың қатарына шартты түрде ауыз әдебиеті ескерткіші, жазба ескерткіші, өнер ескерткіші, сәулет ескерткіші, ұлттық дәстүрлі қолөнер ескерткіші, діни ескерткіш, тағы басқа да ескерткіш түрлерін жатқызуға болады. Мысалы, адам қабірінің басындағы оба, қорғандардың, сақ және көне түркі кезеңдерінен жеткен тас мүсіндер, құлпытас, қойтас, сағана, төртқұлақ, кесене, т.б. археологиялық және сәулет өнері ескерткіштері ең алғашқы ескерткіш түрлері қатарына жатады.

Монумент деп ұлы тұлғаларды, белгілі қайраткерлерді немесе елеулі тарихи оқиғаларды есте қалдыру үшін жасалған мүсіндік туындыны айтамыз. Монументтер әдетте дүние салған адамның құрметіне тұрғызылады. Ескерткіштің кең тараған түрі де осы монументтер. Олар көбінесе көрнекті жерлерге, ауыл немесе қаланың орталық алаңына, саябаққа, тарихи орындарға, тарихи адамдардың туған жерлеріне орнатылады.

Отырар өңірі — тарихи-мәдени ескерткіштерге бай өлке. Жалпы, ауданымызда 200-ден астам археологиялық және сәулет өнері ескерткіштері (оның ішінде 3-еуі республикалық деңгейдегі ескерткіш, олар: Отырар қалажұрты, Оқсыз қалажұрты, Арыстанбаб кесенесі) тізімге алынған. Олар Отырар қалажұрты, Алтынтөбе, Құйрықтөбе, Ақтөбе, Қостөбе, Көкмардан, Марданкүйік және тағы басқа ортағасырлық тарихи-мәдени археологиялық ескерткіштер. Бұл ескерткіштердің барлығы көне тарихтан сыр шертетін орта ғасырларда атабабаларымыз өмір сүрген қалалар мен тұрғын-жайлардың орындары болып табылады. Сәулет өнері ескерткіштеріне келсек, өңіріміздегі архитектуралық құрылысы жағынан ерекшеленетін Арыстанбаб, Найман әулие кесенелері (XIX ғ.) мен Икрам ата мешіттерін (XX ғ. басы) айтуымызға болады. Бұл ескерткіштер XIX-XX ғасырларда тұрғызылып, өз кезеңінде діни орындар (мешіт, медреселер) қызметтерін атқарды.

Ал, XX ғасыр басындағы вокзал ғимараты 1903-1905 жылдары Орынбор–Ташкент темір-жолын салу кезінде тұрғызылған. Қабырғасы қыштан қаланып, шатыры темірмен жабылған. Отрабад разъезінде орналасқан су айдау мұнарасы XX ғасыр басында тұрғызылған. Темір стансасы теміржол вокзалының кешеніне кіретін инженерлік ғимарат үлгісі болып табылады. Ал, насос стансасына келсек, Шәуілдір ауылы шетінде орналасқан. Станса тұрғын үй және өндірістік ғимаратынан тұрады. Бұл ғимараттардың барлығы ғасыр басындағы архитектуралық ескерткіштер үлгісі болып саналады.

Ауданымызда Кеңес Одағы кезінде пайдалануға берілген тарихи ғимараттар мен ескерткіштер де бар. Солардың қатарында Кеңес Одағының Батыры Т.Ибрагимов пен қоғам қайраткері Д.Алтынбековке қойылған ескерткіштерді атап өтуге болады. Жас ұрпақ бұл ескерткіштерді көргенде тарихи тұлғалар туралы біліп қана қоймай, еліне деген отансүйгіштік рухтары оянатынына кәміл сенеміз.

Тәуелсіздік алғаннан кейін тұрғызылған тарихи тұлға ескерткіштері мен тарихи-танымдық кешендер ауданымызда көптеп салынып келеді. Олар «Отырар даңқы» тарихи-танымдық кешені, «Даңқты бабалар» саяжолы, Отырар қорғанысы бейнеленген панно, Құрмет тақтасы, Киелі ағаш, Ақ арка, «Қасиетті кітап» кешені, Төбешік, Тәуелсіздік белгісі, Жаяу жүргіншілер көпірі, Қақпа, Ш.Қалдаяқов ескерткіші, Социалистік Еңбек Ерлері аллеясы, Батыр аналар аллеясы, Кеңес Одағы Батырларының ескерткіші, Ауданның құрметті азаматтары аллеясы, Әбу Нәсір әл-Фараби, Қажымұқан Мұңайтпасов, Асанбай Асқаров пен Жамалбек Шәймерденовтің ескерткіш мүсіні, қоғам қайраткерлері Дүйсенбай Алтынбеков, Нұртас Оңдасынов, Өзбекәлі Жәнібековтің ескерткіші – осылардың барлығы ауданымызға сән беріп қана қоймай, жас ұрпақтың елінің тарихын тануында үлкен маңызға ие екенін білеміз.

Бүгінде «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК осы ескерткіштерді зерттеу, сақтау және қалпына келтіру жұмыстарын атқарып отыр. Отырар өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу, сақтау және келушілерге таныстыру тарихымызды ұлықтау және ұлттың ұлылығын көрсететін мәдени мұрамыз деп білеміз.

Қорыта келе, өңіріміздегі ғасырлар қойнауынан жеткен археологиялық және бүгінгі таңда салынған сәулеттік ескерткіштер шын мәнінде кез келген адамға ғажайып әсер қалдырады. Бүтін бір халықтар мен мемлекеттердің гүлдену мен құлдырау кезеңдерін басынан өткерген, тарихтың бізге беймәлім сырлары тұнған бұл мұралар халқымыздың өткен өмірінің тілсіз куәгерлері болып қала береді. Сондықтан да осы ескерткіштерді зерттеу, сақтау, қалпына келтіру және жас ұрпаққа насихаттау – басты борышымыз деп білеміз.

***Мақсат БАЙТАСОВ,***
***«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК ғылыми қызметкері.***

Спорт

# Түркістандықтар топ жарды

**Шардара ауданында гір спортынан жеткіншектер, жасөспірімдер, жастар және ардагерлер арасында тұңғыш рет ел біріншілігі өтті.**

Сайысты ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, Шардара ауданы әкімдігі және облыстық №4 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі ұйымдастырды. Ал, Шардара аудандық жекпе-жек спорт түрлерінен спорт клубы жарысты өте жоғары деңгейде өткізді.

Үш күнге созылған бәсекеге республикамыздың барлық қалалары мен облыстарынан командалар қатысып, жарыстың қызықты әрі тартысты өтуіне бар күш-жігерлерін салды. Жарыс қорытындысында Түркістан облысының спортшылары 16 алтын медальмен бірінші орынға шықты. Шардара ауданының өрені Байдуллаев Бағжан жарыстың үздік спортшысы атанды.

Командалық есепте бірінші орынды Түркістан облысының спортшылары еншілесе, екінші орын – Қостанай, үшінші орын – Солтүстік Қазақстан облысы құрамаларына бұйырды.

Жеңіс тұғырынан көрінген спортшылар және жаттықтырушылар ұйымдастырушылар тарапынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

*Құрылтайшы – Түркістан облысының әкімдігі*

*Меншік иесі – «Оңтүстік Қазақстан» облыстық қоғамдық-саяси газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі*

Директор–бас редактор
**БАЛАЖАН Абай Бекназарұлы**

Бас редактордың бірінші орынбасары – **Нұрлан КЕНЖЕҒҰЛОВ**
Бас редактордың орынбасары – **Гүлжамал МҰСАЕВА**
Жауапты хатшы – **Талғат ДОСЫМБАЕВ**

РЕДАКЦИЯ МЕҢГЕРУШІСІ: **Әбдіхалық ҮКІБАЕВ** – 55-89-10

Редакцияның мекенжайы: 160000. Шымкент қаласы, Ә.Диваев көшесі, 4-үй, 3-қабат.
Қабылдау бөлмесі – 53-91-97 (факс).

*Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2020 жылғы 21 сәуірде қайта тіркеліп, №KZ30VPY00022478 куәлігі берілген.*

**БӨЛІМ МЕҢГЕРУШІЛЕРІ:**

| | | |
|---|---|---|
| Саясат – **Баян ДАРҒОЖИНА** | 53-55-28 | saiasat_oks@mail.ru |
| Экономика – **Аман ЖАЙЫМБЕТОВ** | 53-54-64 | naryk.okg@gmail.com |
| Ақпарат-талдау және әлеуметтік желілермен жұмыс – **Ерболат АЙНАБЕКОВ** | 53-54-62 | aqparat.okg@gmail.com |
| Әлеумет – **Серікқали ЖЕКСЕНБАЕВ** | 53-42-35 | aleumet@inbox.ru |
| Заң және заман – **Дәулет ТҰРСЫНҰЛЫ** | 53-07-33 | ok-zan@mail.ru |
| Руханият – **Дилара БИМЕНОВА** | 53-49-59 | madeniet_oks@mail.ru |
| Бұқарамен байланыс – **Сабырбек ОЛЖАБАЙ** | 53-60-15 | buhara_oks@mail.ru |
| Жарнама – **Гауһар САПАРОВА** | 53-46-26 | jarnama_oks@mail.ru |

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| Түркістан | 8-701 4565792 |
| Созақ, Бәйдібек | 8-702 7822569 |
| Отырар | 8-775 0698063 |
| Сарыағаш, Келес | 8-701 4554002 |
| Мақтаарал, Жетісай | 8-702 3062924 |
| Шардара | 8-775 3029446 |
| Қазығұрт | 8-778 5008725 |

*Аптасына үш рет шығады.*
***Индекс 65464.***

■ «Оңтүстік Қазақстанда» жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда газетке сілтеме жасалуы міндетті.
■ Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
■ Авторлар қолжазбасы өңделеді және кері қайтарылмайды.
(А) материалдың жариялану ақысы төленген.

**Таралымы 32 862**

*Газет редакцияның компьютер орталығында терілді, беттелді. «ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Әлімқұлов көшесі, 22-үй.*

*Тапсырыс – №972*

Кезекші редактор: Пернебай САПАР.